Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№17 (1020)

30.04.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

САРҚАНДА КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЕРЕКШЕ ӘСЕР ЕТЕТІН САЛАЛАРДЫҢ БІРІ. КҮН ЖЫЛЫНЫП, ЖЕРДІҢ СЫЗЫ КЕТКЕН ШАҚТА, ШАРУАЛАР КЕТПЕНДЕРІН ИЫҚТАРЫНА САЛЫП, ЕГІН АЛҚАПТАРЫНА АТТАНАДЫ. КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА АЙМАҚТЫҢ БАРЛЫҚ АУДАНЫНДА ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ.

Сарқан ауданында да көктемгі-далалық жұмыстар қарқын алды. Түгін тартсаң майы шығатын құнарлы өлкеде биылғы жылы жалпы егістік жер көлемі 97 641 га құрап отыр. Көктем кеш келгеніне қарамастан диқандар техникаларын сақадай сайлап, алқаптарда бүгінгі күні жер жырту, тегістеу жұмыстарын аяқтап, себу жұмыстарына кірісіп кеткен.

Аудандық ауыл шаруашылы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылы өңірде 47 290 га дәнді дақылдар, 13 000 га күздік бидай, 26 000 га жаздық арпа, 2 200 га жүгері, 24 440 га майлы дақылдар, 980 га картоп, 660 га көкөніс, 20 204 га көп жылдық шөп, 633 га дәрілік шөп және 3 315 га қант қызылшасын себу жоспарлануда.

Аудан әкімінің орынбасары Арман Тұрсынұлының сөзінше, өткен жылы 1 млрд. 220 млн. теңгеге 69 дана әр түрлі ауыл шаруашылық техникалары сатып алынған. Заман талабына сай алынған техникалардың арқасында көктемгі жырту, тегістеу, себу және күзгі жиын терін жұмыстарын межесінен бұрын аяқтауға мол мүмкіндік бар.

«Көктем айы басталысымен шаруаларда да тыным жоқ. Жер жыртып дән егіп, бел жазбай еңбек ететін кез. Біздің мақсат мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау таныту. Сондай-ақ, жыл сайын жерді тиімді игеру, ауыспалы егістікті қолдау арқылы жерді тозып кетпеуден сақтап еккен дәннен мол өнім алу,» – дейді ол.

Сәуір айынан бері көктемгі дала жұмыстарына 700 тонна арзандатылған жанар-жағармайдың 182 тоннасы 168 теңгеден сатып алыныпты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЗАР

ЖАЛАҚЫ АЛМАҒАН ЖҮРГІЗУШІЛЕР жайы не болмақ?

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ 4 АЙДАН БЕРІ ЖАЛАҚЫСЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛГЕН. «КҮНДЕ ЕРТЕҢ ЖАЛАҚЫЛАРЫҢЫЗДЫ АЛАСЫЗДАР» ДЕГЕН ҚҰРҒАҚ СӨЗГЕ МАЛДАНЫП ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ШЫДАП КЕЛГЕН. АЛАЙДА ЕШ НӘТИЖЕ БОЛМАҒАН СОҢ 70 ШАҚТЫ АВТОБУС ЖҮРГІЗУШІСІ БІРАУЫЗДАН КЕЛІСІП, ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУДАН БАС ТАРТЫП, НАРАЗЫЛЫҚ ҚА ШЫҚТЫ.

Берікбек ҚАСЫМБЕКҰЛЫ: *«Қаңтар айынан карточкалық жүйе енгізілгеннен бері бізде жалақы жоқ. Бір тиын да бермейтіндей соншама қаражаттың бәрі қайда кетіп жатыр? Біздің де үйде күтіп отырған бала-шағамыз бар. Оларға қарайтын бет те жоқ. Еркек басыңмен үйге табысыңды апармасаң, таңғы бестен кешкі тоғызға дейін маңдай термен атқарған жұмыстан не қайыр бар? Басымызда несиеміз тағы бар, қазір қарызға белшеден батып қалдық. Әрі медициналық сақтандыру, зейнетақы қоры да жүргізілмей келеді. Індеттің өршіп тұрған уақытында ауруханаға барған жағдайда жағдайымыз не болады. Осыны неге ойламайды, басшылар?! Карточкасыз түскен ақшаны аламыз. Ол 1500-2000 теңгеден аспайды».*

Нұрдәулет Түндебайұлы: *«Күндік жұмысымыздың әр сағатына 258 теңге төленеді. Сонда осы соманы сегіз сағатқа қосып, 15 күнге көбейткенде 30968 теңге шығады. Ең төмен жалақы қатарына да кірмейді. Одан салық ұстаған кезде қолыңа жиырма мың теңге шығады. Бірақ, сол ақшаға да қол жеткізе алмай қалдық қой».*

Ал автобус жүргізушілерінің айтқан базына қатысты басшылар не деді?!

Болат Тілеубайұлы, жолаушы тасымалдаушы компанияның бас директоры: «Талдықорған өте кішкентай қала. Карантиндік талаптарға байланысты, оқушылар оқымайды. Сондықтан оқушылардан бөлінетін субсидия жоқ. Оқушылардың арқасында осы күнге дейін жұмыс істеп келдік. Карточкалық жүйеден түскен пайда ГСМ-ге ғана жетеді. Қазіргі таңда қаржыға байланысты комиссия құрылды. Нақты бүгін ертең береміз деп айта алмаймын» .

Қанат Хамитжанұлы, қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы: *«Бізге белгісіз, ішкі себептермен жалақы төленбеуде. Осы мәселе бойынша әкім де, прокуратура өкілдері, еңбек инспекциясының өкілдерімен «Жанел» және «Ақ-нар» мекеме басшыларымен жиналыс өткізіліп, тексеріс жұмыстарын жүргізу бойынша тапсырма берілді».*

Осы күні он бір бағытта жүретін қоғамдық көлік қызметін атқармады. Соған байланысты, қарапайым халық такси қызметін пайдаланып, шығын шығарған. Ал, кейбір жандар қоғамдық көліктің жұмыс жасамағанын білмегендіктен екі сағат бойы уақытын автобус күтумен өткізіпті. Қалай десек те, бір жалақымен отбасын асырап отырғандардың төрт ай бойы еңбекақысын алмауы сұмдық қой. Айтыңыздаршы, сонда бұл мәселенің де түйіні тарқатылмай, жабулы қазан күйінде қала бере ме?!

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

ПЕДАГОГИКА

ОҚУШЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ МЕН ОТАНШЫЛДЫҚ АСҚАҚ СЕЗІМДЕРІ ТЕК ҚАНА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСАДЫ. БҰЛ РЕТТЕ, ОТАН, ЕЛ-ЖҰРТ, ТӨЛТУМА МӘДЕНИЕТ, САЛТ-ДӘСТҮР, МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАР ТУРАЛЫ БІЛІМ МЕН БІЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМ ПӘНДЕРІНДЕ ЕКЕНІ, ӘСІРЕСЕ, СОЛ ПӘНДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛДІ МӘТІНДЕРІНДЕ ЕКЕНІ БАСЫ АШЫҚ АҚИҚАТ.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ЕГІЗ ҰҒЫМ

Өкінішке орай, пәндерді саралау мен білім мазмұнын айқындауда осы мәселелерге ойдағыдай мән берілмей келеді. Рас, оташылдық сияқты асыл қасиетті ұрпақ бойына қалыптастыру тек қана білім жүйесінің мойнындағы міндет емес. Оташылдық кез келген ұлттық-мемлекеттік жаралымның өмір салтына, өмір сүру нормасына айналуға тиіс. Яғни, жас ұрпақты оташыл етіп тәрбиелеу мемлекеттік маңызды да жауапты істердің бірі болып табылады.

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін оқу орындарына қойылатын талап –тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, жастардың ұлттық сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру. Ал ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы – ұлттық қадір қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту болып табылады. Егемен еліміздің өзінің экономикалық және саяси дербестігін алғанына 30 жылдан асты. Тәуелсіздік еліміздің алдына жаңа мақсаттар мен талаптар қойды. Солардың бірі – азаматтардың бойына патриотизмді қалыптастыру. Біз бұл тұрғыда қазақ этнопедагогикасы арқылы патриоттық тәрбие беруді қарастыруды жөн санап отырмыз. Тәрбиенің іргетасы қаланатын тұсы – отбасы мен тұрмыс. Сондықтан өмірде жастар арасында кездесіп жататын ана тілін ұқпау, салт-дәстүрді білмеу, үлкенді сыйламау сияқты келеңсіздіктерің пайда болуы, отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі ата-ананың бала тәрбиесіне аса мән бермеуінен болып отыр. Адамның бойында ұят сезімі қалыптасқан күнде ғана Отан алдындағы парызды орындау үшін саналы түрде қауіп қатерге бас тіге алады. Б.Момышұлы: «Әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге міндетті» деген. Ендеше, жастарды патриотизмге тәрбиелеуді ғылыми-педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруды қарастыру өз алдына бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселе екендігін атап көрсетуге болады. Демек жастарды оқытумен қатар тәрбиелеу үрдісінде қазақ этнопедагогикасын басшылыққа алу қажеттігі сезіледі. Өйткені жан-жақты ел тарихын жетік білетін, заман талабына сай жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күн талабы.

Жадыра МАРАТҚЫЗЫ,
«№2 орта мектептің биология пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

МАМАН МІНБЕРІ

ЖАSАРТЫЛҒАН БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫS КЕПІЛІ

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Осындай жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақ беру мені қуанышқа бөлейді.

Әрине, жаңашылдық болғаннан кейін қиындықсыз болмайды. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп бекер айтылмаған. Бала оқыту жүйесінде мұғалімдерге үлкен міндет жүктелетіні айдай анық. Сол міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз. Сонда ғана елбасымыз айтқандай озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құра аламыз деп ойлаймын.

Айгүл ҚАРАБАЕВА,
Ақын Сара атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

БРИФИНГ

2021 ЖЫЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА «БАСТАУ БИЗНЕС» ОҚЫТУ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА КӘСІПКЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША 3000 АДАМДЫ ОҚЫТУ ЖОСПАРЛАУДА. БІРІНШІ ЛЕКТІ ОҚЫТУ 26 СӘУІРДЕН БАСТАЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «JETISÝ MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА ӨТКЕН БРИФИНГ БАРЫСЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СӘНИЯ НАУРЫЗБАЕВА МӘЛІМДЕДІ.

ҮШ МЫҢ АДАМ
КӘСІПКЕРЛІК НЕГІЗДЕРІНЕ ОҚЫТЫЛДЫ

Спикердің айтуынша, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Бастау Бизнес» жобасы азаматтарды кәсіпкерлік дағдыларға үйретуге бағытталған. Өткен жылы жоба бойынша өңірдің 3 022 жұмыссыз және ісін жаңа бастаған кәсіпкері бизнестің қыр-сырын үйреніп, 2039 адам жалпы сомасы 1,8 млрд теңге қаржыландыруға қол жеткізді.

«Биыл «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 3000 адамды оқыту жоспарланған. 19 сәуірден бастап ҰКП жүйесіндегі atameken.co сайтында қатысушыларды тіркеу басталды. 26 сәуірден бастап 1 лек бойынша оқыту басталады. Аудандар мен қалаларда осы жобаны сүйемелдейтін бизнес-жаттықтырушылар мен кеңесшілер анықталған. Оқыту 5 ағын бойынша ұйымдастырылып, ағымдағы жылдың қыркүйек айына дейін жалғасады. Карантиндік шараларға байланысты оқыту онлайн форматта жүргізіліп, 21 күн ішінде өткізіледі», - деді Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау көрсету бөлімінің басшысы Сәния Наурызбаева.

Жобаға Халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдар, зейнеткерлікке жетпеген 50 жастан асқан адамдар, NEET санатындағы жастар, аз қамтылған немесе көп балалы отбасы мүшелері, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүшелері, қоныс аударушылар мен қандастар қатыса алады. Жазылу үшін үміткерлер тұрғылықты жері бойынша Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгіну керек. Кейін берілген жолдама бойынша «Атамекен» өңірлік палатасына немесе оның филиалына жүгінеді немесе atameken.co сайты арқылы тіркеледі. Ары қарай «Атамекен» қатысушыла арасында оқу жүргізіп, оның қорытындысы бойынша сертификат тапсырылады. Осы сертификатпен жоба түлегі 200 АЕК көлемінде қайтарымсыз грант немесе 6% жеңілдетілген несие алуға мүмкіндігі болады.

Еске салсақ, 2017-2020 жылдары аралығында Алматы облысында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 13 505 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқып шығып, оның ішінде 5 137 жоба 74,2 млрд теңге сомаға қаржыландырылды.

Алматы облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының халықты жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Әлия Есімжанованың айтуынша, ағымдағы жылы облыс бойынша 49 979 жұмыс орнын, оның ішінде 26 258 тұрақты жұмыс орнын құру жоспарланған. Бүгінде 14 мыңнан астам жұмыс орны ашылған, оның ішінде 11,6 жұмыс орны мемлекеттік бағдарламалар аясында құрылды.

2021 жылы «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру үшін 17,8 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат кәсіптік оқытуға, шағын несиелендіруге, гранттарға, әлеуметтік жұмыс орындарын құруға бағытталатын болады.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОТАРИАТ

ПРАВО НА НАСЛЕДСТВО

СОГЛАСНО ГРАЖДАНСКОМУ КОДЕКСУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ИМУЩЕСТВО МОЖЕТ НАСЛЕДОВАТЬСЯ ДВУМЯ СПОСОБАМИ: ПО ЗАВЕЩАНИЮ, И ЕСЛИ ЕГО НЕТ, ТО ПО ПРОПИСАННЫМ В ЗАКОНЕ ПРОЦЕДУРАМ.

Составления завещания при жизни может помочь предотвратить имущественные споры, однако не все граждане пользуются этой возможностью. Многих интересует как принять наследство, если наследодатель не оставил нотариально заверенного завещания. Для начала, давайте разберемся что входит в наследственное имущество.

Наследовать в Казахстане можно как недвижимое, так и движимое имущество, интеллектуальную собственность, фирменные наименования и товарные знаки. Сюда же относятся неимущественные права. Это право оформлять и регистрировать имущественные права покойного наследодателя, если он сам не сделал этого при жизни. Однако нужно учесть, то что вместе с имуществом в наследство включаются и долги по нему.

Недвижимым имуществом по закону считаются:

• земельные участки;
• здания, сооружения;
• воздушные и морские суда;
• суда внутреннего водного плавания;
• суда плавания "река-море";
• космические объекты;
• линейная часть магистральных трубопроводов;
• многолетние насаждения;
• иное имущество, прочно связанное с землёй.

Всё остальное имущество признаётся движимым. И к нему также относятся деньги и ценные бумаги.

Еще одним важным моментом являются пять направлений, по которым существуют запреты (пункт 2 статьи 1040 Гражданского кодекса РК):

• права членства в организациях, являющихся юридическими лицами;
• право на возмещение вреда, причинённого жизни или здоровью;
• права и обязанности, вытекающие из алиментных обязательств;
• права на пенсионные выплаты, пособия и другие выплаты на основании трудового законодательства РК и законов в сфере социального обеспечения;
• личные неимущественные права, не связанные с имущественными (право на свободу передвижения и выбора места жительства, право создавать юридические лица, право требовать возмещения материального и морального вреда и прочее).

Наследники по закону призываются к наследованию в порядке очередности, предусмотреннойстатьями 1061 - 1064 Гражданского Кодекса.

При наследовании по закону усыновленный и его потомство, с одной стороны, и усыновитель и его родственники, с другой, приравниваются к кровным родственникам. Усыновленные и их потомство не наследуют по закону после смерти кровных родителей усыновленного, других его кровных родственников. Родители усыновленного и другие его кровные родственники не наследуют по закону после смерти усыновленного и его потомства.

Каждая последующая очередь наследников по закону получает право на наследование в случае отсутствия наследников предыдущей очереди, устранения их от наследства, непринятия ими наследства либо отказа от него, кроме случаев, указанных в пункте 5 статьи 1074 Гражданского Кодекса. Очередность призвания наследников по закону к наследованию и о размере их долей в наследстве могут быть изменены нотариально удостоверенным соглашением заинтересованных наследников, заключенным после открытия наследства. Такое соглашение не должно затрагивать прав не участвующих в нем наследников, а также наследников, имеющих право на обязательную долю. Часто возникает вопрос: есть наследуемое жильё. Как правильно его переоформить?

Наследник должен в течение 6 месяцев со дня смерти наследодателя обратиться к нотариусу. В своём заявлении он должен сообщить о вступлении в права наследования. Это делается в офисе нотариуса по месту открытия наследства. Местом открытия наследства является последнее место жительства наследодателя, а если оно неизвестно место нахождения имущества или его основной части. В соответствии с п. 1 ст. 1072 Гражданского кодекса РК для приобретения наследства наследник по закону или по завещанию должен его принять.

Также частым вопросам является что делать если необходимые документы утеряны:

В случае утери подтверждающих родство документов наследник может обратиться в органы записи актов гражданского состояния и попросить выдать дубликат. Если необходимые документы не сохранены и там, можно доказать родство в суде.

Если утеряны правоустанавливающие документы на имущество, нотариус может выдать наследнику свидетельство о праве на получение в органах юстиции и регистрацию дубликатов тех самых правоустанавливающих документов. После этого надо оформить ещё одно свидетельство – о праве на наследование на недвижимое имущество..

В случае если наследник пропустил установленный срок для принятия наследства, то необходимо в суде инициировать восстановление срока. Собрав пакет нужных документов и проконсультировавшись у нотариуса, человек должен обратиться в суд, который восстановит срок на следующих условиях:

• срок пропущен по уважительной причине (например, из-за болезни);
• нет фактического принятия наследства (наследник не проживает в наследуемой квартире/доме);
• наследник обратился в суд в течение полугода после того, как перестали действовать уважительные причины.

Иногда наследники ошибочно полагают, что им нужно обратиться за наследством после шести месяцев со дня смерти его владельца.

"Незнание закона не является уважительной причиной пропуска срока принятия наследства. Если же все три условия соблюдены, суд может признать наследника принявшим наследство, признав недействительным выданные ранее свидетельства о наследстве и определив доли всех наследников. При необходимости суд должен принять меры по защите прав нового наследника на получение причитающейся ему доли", – отметил адвокат.

В случае если вы хотите отказаться от наследства: Надо обратиться к нотариусу и написать заявление об отказе от всего наследственного имущества в пользу других наследников. На это даётся 6 месяцев со дня открытия наследства. Если по уважительным причинам в этот срок уложиться не получается, по закону он продлевается ещё на 2 месяца. Отказаться от наследства нельзя, если:

• наследник уже вступил во владение или управление имуществом (например, уже въехал в квартиру, а потом решил оформить отказ);
• наследник хочет отказаться только от части наследства (например, на квартиру согласен, на долги – нет).

В Казахстане даже люди, имеющие право на обязательную долю, могут быть признаны судом недостойными наследниками (пункт 6 статьи 1045 Гражданского Кодекса РК). Это, в частности, лица, покушавшиеся на жизнь наследодателя или умышленно убившие его. К недостойным могут причислить и родителей, лишённых родительских прав или не выплачивавших алименты.

Если недостойный наследник будет прощён и это будет указано в завещании, то он снова приобретёт право на наследование. Однако к наследованию по закону (в случае отсутствия завещания) он не может быть призван..

Бывает, что наследников нет вообще. Тогда наследственное имущество перейдет в коммунальную собственность по населённому пункту, где открылось наследство. Гражданский кодекс предусматривает следующие случаи перехода наследственного имущества в выморочное (не имеющее претендентов на владение):

• нет наследников ни по закону, ни по завещанию;
• наследники отстранены от наследования или не имеют права наследовать имущество;
• наследники отказались от наследства без уточнения – в чью пользу;
• никто из наследников не принял наследство.

Наследство не считается совместно нажитым имуществом и поэтому обычно не подлежит разделу в случае развода супругов. Следовательно, при получении наследства одним из супругов, оно будет считаться имуществом того, кто его получил.

Наследство имущество может считаться общим, если, например, это предусмотрено в брачном договоре. Такое жильё можно разделить при разводе. Кроме того, сам владелец может добровольно передать унаследованную квартиру второму супругу в собственность. Ещё жильё может быть отремонтировано или отреставрировано на деньги другого супруга. В таком случае оно перестаёт быть унаследованным и у него нет единоличного владельца.

Даулет Ермуратов,
Нотариус нотариального округа
Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНАЙҚАЙ

ҚАТЕЛІК КІМНЕН?

АУРУДЫҢ ОҢАЙЫ ЖОҚ. ҚАЙ ЖЕРІҢ АУЫРСА, ЖАНЫҢ СОЛ ЖЕРДЕ ТҰРАДЫ ЕМЕС ПЕ?! СОНДЫҚТАН, АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАУ КЕРЕК. МАЗАЛАП, АУЫРСЫНЫП ТҰРСА ДА МОЙЫНДАМАЙ ӨЗІМІЗ БОЛЖАМ ЖАСАУҒА ШЕБЕРМІЗ. КӨП ЖАҒДАЙДА ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІНІҢ АЗДЫҒЫ МА, АДАМЗАТТЫҢ САЛҒЫРТТЫҚҚА САЛЫНУЫ МА, ҚОҒАМДА НЕШЕ ТҮРЛІ БҰРЫН ЕСТІМЕГЕН АУРУЛАР БЕЛЕҢ АЛУДА. СОНЫҢ БІРІ – СИМФИЗИТ.

Ол қасаға қосылысы, яғни симфиздің қабыну процесі. Жалпақ тілмен айтқанда, қасаға сүйегінің жалғап тұратын шеміршекті қосылыстың созылып, ажырап кетуі. Оның алғашқы белгілері қасаға сүйегінің ісініп ауруымен қоса белдің, сегізкөздің ішке қарай тарту сезімдері іске қосылады. Кейбір жағдайда, жүрген сәтте аяқ тез талып, үйрекше жүріс қалыптастырасыз. Басты себептері, релаксин гормонының көп бөлінуі,кальций жетіспеуі/кальций сіңуінің бұзылуы, сүйек /буындарының ауруы, бала салмағы көп болуы, көп босану салдарынан симфизит пайда болады.

Жоғарыда аталып өткен аурудың зардабын жақында ғана Г. есімді азаматша басынан өткерген. Ол 2021 жылдың 5 қаңтар күні аман-есен босанады. Баланың және өзінің денсаулығының жақсы болуына байланысты үйге шығарылады. Содан 4 күннен соң, орнынан тұра алмай, жедел жәрдем шақыртады. Көпсалалы ауруханаға жеткізіліп, ондағы дәрігерлер оған «симфизит» деген диагноз қояды. Симфизиттің бірінші деңгейі болғандықтан, ота жасалмайды екен. Сондықтан дәрігерлер оған үйде бір ай бойы төсектен тұрмай, күтіну керектегін айтып, үйіне қайтарады. Бірақ, бір айдан кейін Г. орнынан тұрса да, жүрісінің өзгермегенін байқайды. Қайтадан рентген жасатқан кезде 1,1см симфизиттің екінші деңгейіне өту барысын байқайды. Сөйтіп, облыстық ауруханада 25 ақпан күні ота жасатып, сәтті өтеді. Кейіпкерміздің сөзінше, соңғы узидің нәтижесімен қоса гинекологтің дұрыс нұсқау бермеуінің кесірінен осындай жағдайға тап болғанын айтады.

Енді ғана дүние есігін ашқан бала мен ана тағдырының мәселесін алға тарта отырып, істің анық-қанығын білуде «Талдықорған қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны әйелдер консультациясына барып, азаматша Г. тіркеуде тұрған №6 участкесінің акушері Дана Берікқызына жолығып, мәселенің мән-жайын білдік.

«Біріншіден, соңғы жеті айлық мезгілде ультрадыбыстық аппаратына түскенде симфизит дерті байқалмайды. Бұл ауру тек 37-38 апталықта пайда болады. Оны арнайы симфиза узиіне түсіріп білуге болады. Екіншіден, азаматша Г. бізге келгенде сүйектерінің ауруы туралы шағым айтпады. Ал, ескерткен жағдайда травмотолгқа қаратып, алдын алар едік. Және симфизиттің бәрі кесарь тілігін жасатпайды. Оның жағдайына, деңгейіне байланысты жасалады» – деген қысқа ғана түсініктеме берді ол.

Осы орайда азаматша Г. мәселесін алға тартып, оған ота жасаған облыстық аурхананың бас дәрігері, травматолог Анарбек Монғолханұылының да ойын тыңдап көрдік.

«Азаматша Г-ға. симфизиттің екінші деңгейімен, яғни, қаса сүйегінің 1,1 см ашылуы бойынша осы жылдың 25 ақпан күні ота жасалды. Ота жасау барысында ешқандай ақау болмағандықтан сәтті өтті. Ол дер кезінде келіп, емделгендіктен қазір жағдайы жақсы. Бүгінгі таңда симфизит бойынша үш ота жасалды. Негізі, аяғы ауыр әйел өзіне қарап, кальций дәруменін уақытылы қабылдау қажет. Жүкті кезінде төмен жақтың ауырсынуы байқалған кезде, уақытылы дәрігерге қаралуға міндетті» – деді маман.

Симфизит диагнозы туралы деректер білу мақсатында осы диагнозбен ауырған бірнеше әйелдің де пікірін тыңдап көрдік. Өздерінің есімін өзгертіп жазуымызды өтінген «Сәния» есімді келіншек аяғы ауыр кезінде өзінен симфизит диагнозын байқағанын айтты. Бұрын-соңды мұндай ауруды естігімеген Сәния ойланбастан алдын ала кесарь тілігіне келісім береді. Сөйтіп, жүктілік уақыты жеткен кезде, тәжірбиелі акушерлердің қолдауымен жоспарлы кесарь тілігінсіз босанады. Қазіргі кезде босанғанына бір жылдан асса да, бірде-бір рет генекологқа қаралмағанын, кей тұстары симфизит ауруының мазалайтынын айтады.

Назерке есімді келіншекпен тілдесуде де симфизиттен айналып өтпегенін айтты.

«Жүктілік мерзімім таяған сәтте су кетіп перзентханаға түстім. Сол жерде толғақ келтіретін дәрі салды. 13 сағат толғату кезінде күшім азайып, салдарынан дәрігерлер 3700 салмақпен туылған сәбиімді күшпен итеріп, босандырып алды. Соның кесірінен симфизиттің пайда болу болжамы бар. Сол кезде перзентханада орнымнан тұра алмай, травматологқа қаралып, ота жасаттым. Одан кейінгі екі баламды кесарь тілігімен босандым. Осының бәрі акушер дәрігерлердің өз жұмысына жауапсыздық танытуының салдары деп білемін» – дейді ол.

Бұл мақаланы жазуда азаматша Г-ның әңгімесінен оның «Талдықорған қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны әйелдер консультациясының участкелік дәрігеріне деген өкпесі қара қазандай екенін аңғардық. Яғни, ол өзінің осындай күйге тап болғанына дәрігерлер дұрыс нұсқаулық жасамады деген пікірде.

Қалай дегенмен, бұған қатысты дәрігерге кінә артудан аулақпыз. Бірақ, азаматша Г-ның өзі айтқандай, оның басынан өткізген мұндай ауыр жағдай әркімнің де басына келері анық. Сондықтан, бұл іс жабулы қазан күйінде қалып қоймай, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы назарына алар деп сенейік.

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

БІЛІМ

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстандық білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау. Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу – ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Қазіргі мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру технологияларды ендіруді міндеттейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың сабақта, бос уақытында және күнделікті қарым-қатынасында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады. Оқушылар білім беру бағдарламасындағы пәндерді оқу барысында мәліметтерді табу, құрастыру және басқару, ақпараттармен және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамытады. Мысалы: әдебиетті оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- көркем шығарма бөлімдерін және оның негізгі идеяларын толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану; оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану; медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, әртүрлі пікірлерді талдау және салыстыру; медиақұралдарды қолдана отырып, ғаламдық мәселелерге қатысты тақырыптарды нақтылау және әртүрлі пікір тұрғысынан сыни талдау жасау; АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәнді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады.

Роза ДҮКЕНБАЕВА,
Ақын Сара атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА МАЗМҰН

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап, зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағдарламада орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Сабақ барысында әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарау, сыныппен жұмыс істеуде сол сынып оқушыларының білім-біліктілігін нығайтатын тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білу. Оқушының өмірде тек жеке дара емес, белгілі бір қоғамда өмір сүретіндіктен оларды қоғамға бірден араласа білуге,айналасындағылармен тіл табыса білуге үйрететін топпен, жұппен жұмыс жасау тәсілін әрдайым сабақ барысында басшылыққа алынады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін тапсырмалар беру барысында, сыни тұрғыдан ойлауға итермелеу, оларды өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Жұптағы,топтағы өз достарымен әңгімелесе отырып, қалай оқу керектігін үйренген балада сыни тұрғыдан ойлау көзқарасы дамиды. Талантты, дарынды балалардың бойында ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін жетілдіру қажет.

Сәуле ЖЫЛЫСОВА,
Ақын Сара атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ

ЖҮКТІ ЖӘНЕ БОСАНАТЫН ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН

ИНФЕКЦИЯЛЫҚ БӨЛІМ АШЫЛДЫ

Коронаіндетпен ауырған жүкті әйелдердің қатары әлі де толастар емес. Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасына да әр ауданнан түсетін ауыр халдегі жүкті әйелдер саны жетерлік. Осы орайда індет жұқтырып түскен ауыр аяқ әйелдердің денсаулығына алаңдаған облыстық аурухананың бас дәрігері Анарбек Монғолұлы Талдықорған қаласындағы облыстық перинаталды орталық басшысы Қанат Жұмашевпен келісе отырып аталмыш мекемеден арнайы жүкті, босанатын әйелдерге арналған инфекциялық бөлім ашуды ұйғарды. Сәуір айының 9-ы жұлдызында ашылған бөлімде бүгінгі таңда облыстық аурухананың жиырмадан астам білікті маманы қарқынды жұмыс істеуде.

Бас дәрігер Анарбек Монғолұлы бастап, аурухана басшысының емдеу жөніндегі орынбасары Мейрамгүл Базылжанова қостаған дәрігерлер сапы, атап айтсақ: анестезиолог-реаниматолог Г.Боталбаева, А.Енсин, Б.Уалиев, А.Қазақбаева, терапевт дәрігері Н.Нұрланқызы, аға медбике Ш.Салқынбекова, медбикелер – Г. Сәрсенбаева, Б.Тасыбекова, Д.Мүсекенова, А.Молшылықбаева, Б.Төлегенова, С.Бородина, Б.Жексенбаева, А.Қасымова сонымен қатар шаруашылық жөніндегі қызметкер (сестра хозяйка)Л. Утьева, кіші қызметкерлер (санитаркалар) – А. Арғынова, Б. Жанғазиева, З. Жұманова, С. Юмашева, С. Нұрғожаева, К. Күнбосынова, К. Мамыраимовалар күн-түн демей тынымсыз еңбек етіп келеді.

Екі бірдей медициналық мекеменің басшыларымен ақылдаса отырып ашылған инфекциялық бөлімнің жұмысы қазіргі таңда қалай жүріп жатыр, коронаіндет жұқтырып, қиын жағдайда түскен ауыр аяқты әйелдердің жайы қалай деген ниетпен жаңа ашылған бөлімге арнайы бас сұғып, ондағы жағдайды көзімізбен көріп қайттық.

...БІР ТЫНЫС АЛУ АППАРАТЫНА ТАЛАСҚАН БІРНЕШЕ ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІҢ КАРТИНАСЫН КӨЗ АЛДЫҢЫЗҒА ЕЛЕСТЕТІҢІЗШІ. ІНДЕТ Ә ДЕП ӨРШІГЕН ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ОСЫНДАЙ ТҮРЛІ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР ОРЫН АЛЫП, КОРОНАІНДЕТПЕН КҮРЕСКЕН АҚ ЖЕЛЕҢДІ АБЗАЛ ЖАНДАР ШАРАСЫЗДЫҚ КҮЙГЕ ЕНІП ЕДІ. СОДАН БЕРІ ҚАРАЙ КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРҒАНДАРДЫ ЕМДЕУ ХАТТАМАСЫНА БІРНЕШЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛІП, БҮГІНГІ ТАҢДА ЕМДЕУ ӘДІСІНДЕ ОҢ НӘТИЖЕЛЕР КӨРІНІС БЕРЕ БАСТАДЫ.

Білікті анестезиолог-реаниматолог Берікжан Серікұлы басшылық ететін бөлімде бүгінгі таңда 20 науқас ем қабылдауда. Бұл жерде жүкті әйелдерді босандырып, кесер тілігі де жасалады екен. Ол үшін арнайы операция блогы да қарастырылыпты.

«*Бізге өте ыңғайлы болды. Себебі, гинеколог та, реаниматолог та жанымызда, тіпті акушер де бар. Ауыр халде жеткізілген жүкті әйелді бірден операция бөліміне апарып, перинаталды орталықтың акушер-гинекологтары бастаған сап өзінің анестезиологтарымен бірігіп шұғыл ота жасайды. Операциядан соң босанған әйелді біз қайта өзіміздің бөлімге аламыз. Осы уақыт аралығында өте ауыр жағдайда түскен жүкті әйелдер өте көп болды. Мәселен, Жаркент қаласынан санавиаця арқылы жеткізілген 29 апталық жүктілікпен түскен келіншектің жағдайы бүгінгі күні қалыпқа келіп, бұйырса үйіне шыққалы отыр. Бөлім ашылғалы ем қабылдап, баласын қолына алып, аман-есен үйіне қайтып жатқандар саны толассыз*» – дейді анестезиолог-реаниматолог дәрігер Гүлжан Мәлікқызы.

Осы ретте терапевт-дәрігер Нәзира Нұрланқызы да өз ойын ортаға салды.

«*Бас дәрігеріміз Анарбек Монғолханұлы ковидпен ауырғандардың күн санап көбейіп отырғанын, әсіресе, жүкті әйелдер санының артуына орай облыстық перинаталды орталықтан арнайы осындай бөлім ашуды қолға алып жатқандығын және соған терапевт-дәрігер ретінде баратынымды айтты. Шыны керек, алғашқыда келісім бермей, алты жылдық еңбек өтілімде жүкті, босанған әйелдермен жұмыс істеп көрмегенімді айттым. Бірақ, осындай қысылтаяң шақта дәрігер – адам өміріне жауапты әрі арашашы бола алуы керек қой.... Сәуір айының 12-інен бері осы бөлімде бір кісідей жұмыс істеп келемін. Ауыр халде түскен жүкті әйелдер саны көп болды. Алайда, дәрігерлердің араласуымен бүгінгі таңда олардың жағдайы жақсарып, үйлеріне қайтуға жарады*» деген ол мұндағы дәрігерлер үшін инфекциялық бөлімге түскен жүкті әйелдердің дертінен айығып, үйлеріне риза болып шығып жатқанынан артық марапат жоқ деп ағынан жарылды.

Өткен жылдан бері коронавирус індетінен және соған байланысты енгізілген карантин шектеулерінен жүкті әйелдер мен өмірге енді келген сәбилер зардап шегіп келеді-ақ. Індетке қарсы күресіп келетін ақ желеңді абзал жандардың сөзінше, аяғы ауыр әйелдің ағзасы онсызда әлсіз келеді, сол себепті вирусты жұқтыруы оңай, ал емделуі қиын. Жүкті әйелдер жұрт сияқты вирус пен бактерияға қарсы күшті дәрілерді де іше алмайды – құрсақтағы балаға зиян. Дегенмен, дәрігерлер тарапынан тиісті шаралардың барлығы да жасалып, ана мен баланың жағдайына сай ем-дом қабылдануда.

Осындай қиын кезеңде жүкті және босанатын әйелдерге арнап арнайы инфекциялық бөлім ашуды ұйғарған облыстық аурухананың бас дәрігері мен перинаталды орталықтың басшысына емделушілер тарапы да шынайы алғыстарын жеткізді. Солардың бірі Ескелді ауданына қарасты Қарабұлақ кентінен түскен Мөлдір есімді келіншек.

«*Сәуір айының бесі күні өте ауыр жағдайда облыстық аурухана сына түстім. Тыныс алуым нашарлап, аппаратпен жаттым. Оны күні кесір тілігін жасап, нәрестем де, өзім де аманбыз. Аллаға мың да бір шүкір. Бүгінгі күні осы бөлімде күн-түн демей қызмет етіп жүрген облыстық аурухананың білікті дәрігерлеріне айтар алғысым шексіз. Әсіресе, анестезиолог-реаниматолог дәрігер Гүлжан Мәлікқызына, терапевт-дәрігер Нәзира Нұрланқызына, осындағы тамағымызды, суымызды беріп, зыр жүгіріп жүрген жандардың өлшеусіз еңбегіне басымды иіп, рахметімді айтқым келеді. Дәрігерлер маған екінші өмір сыйлады және осы кісілердің арқасында әлі өзім көрмеген дені сау сәби дүниеге келді. Бүгін сәбиімді бірінші рет көріп, құшағыма басамын деп отырмын*», – дейді ол.

* * *

«*Мұнда сәуірдің он тоғызы күні ыстығым көтеріліп, тұла-бойымды әлсіздік билеп түскен едім. Сол күні түнде аман-есен босанып, сәбілі болдым. Қазіргі жағдайым тым жақсы. Ауыр жағдайда қолұшын созып, көмек берген осындай дәрігерлеріміздің бар-ына қуанамын. Мынадай қиын шақта өз өмірлерін тәуекелге байлап, алдыңғы шепте жүрген жандардың деніне саулық, тынымсыз еңбектеріне жеміс тілеймін*» – дейді текелілік Зухра есімді келіншек.

* * *

«*Жаркент қаласынан санавиациямен алып келді осында. Жиырма тоғыз апталық жүктілікпен өте ауыр жағдайда түстім. Қазіргі жағдайым өте жақсы. Үйге қайтуға асығып отырмын. Себебі, төрт балам алаңдап, күтіп отыр.Дәрігерлердің дер кезінде берген көмегінің арқасында құрсағымдағы егіз баламның да, өзімнің де жағдайым жақсы. Аллаға мың да бір тәубе келтіремін. Біз секілді жүкті әйелдер үшін осындай инфекциялық бөлім ашып, барлық жағдайды жасап жатқан ақ халаттыларға аналық алғысымды білдіремін*» – дейді Панфилов ауданының тұрғыны Мадина.

Бүгінгі ұрпақ – еліміздің ертеңі. Пандемия кезеңінде ана мен баланың жағдайына баса назар аударуды алғы жолға қойып, перинаталды орталықтан ауыр аяқты әйелдерге арналған инфекциялық бөлім ашып, бір кісідей еңбек етіп жатқан облыстық аурухананың медициналық қызметкерлері жұмысына жеміс тілейміз.

Сарби ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ

Дүйсенбі - Понедельник, 3 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.30,02.55«Masele»
07.00М/ф«Робинзрн Крузо»
08.20«Әндер мен жырлар»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«Ән мен әнші»
14.10«Жарқын жүздесу»
15.00 «Арта»
16.00 «Әзіл әлемі»
20.00 «Түркістан-достық мекені»
21.30Т/х «Ахмет Ясауи»
22.30 «Махаббат мұнарасы»
23.30«Тәуіп Хо Жун»
01.00 «Жүзден жүйрек»
02.30 «Menin Qazaqstanym»

ХАБАР

06.00 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.10 «Әсем әуен»
11.00 «Күләш»
15.00 «DimashShow.Dears әлемі»
16.00 «DimashShow. Жаңғыру»
17.00 «Отчий берег»
18.00 «Загнанный»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт»
21.00 Итоги дня
21.30 Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығынв арналған «Шаңырак» жобасы
23.30 «Офицерские жены»
00.30 «Остаться в живых»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00,14.00,03.05«Үздік әзілдер»
07.30 «Союзмультфильм»
08.00,15.30 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
16.00 «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10ASTANA TIMES
20.00,01.10 Үздік әндер
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «АЛМАСАЙ»
04.35 «БІЗДІҢ АУЫЛ»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Аға»
06.40, 04.00«Той заказ»
07.10, 03.15 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Тамаша сіту»
08.50 « Единство-главное достоинство независимости»
09.00 «Поле чудес»
10.15 «Бриллиантовая рука»
12.10 Филип Киркоров.Последний концерт в «Олимпийском»
14.30 «Однолюбы»
18.30,02.55«Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ветер в лицо»
00.20 «По законам военного времени»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан
07.40 «Мәссаған.KZ»
08.30 «Қасиетті Маңғыстау»
09.20 Т/х «Жимаудың жетістігі»
10.10 «Иная реальность» (повтор)
10.45 «Хочу быть счастливым»
14.20 «Переверни страницу»
16.10,01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Хороший парень»
23.35 «Чума»
02.05 Астарлы ақиқат
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.50 «Жимаудың жетістігі»
04.30-05.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.25 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Отан соғысының батырлары»
20.15 «Жеңіс күні»
20.20 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Қазақстандықтар Кеңес одағының батырлары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы
22.50 «Жеңіс күні»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.00 «Армагеддон»
06.50 «Неге?»
08.00 «What'Up?»
08.40 «Колдунья»
11.00 Т/х «Ананди»
12.30«Күн әміршісі»
14.10 М/ф «Иван царевич и серый волк-3»
16.30 «Геракл :начало легенды»
18.00 «Боги египта»
20.30 «Тайна печати дракона»
20.00 Информбюро
00.40 «Кел, татуласайық!»
03.00 Алдараспан,Нысана ,Шаншар әзілдері
04.00 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,«Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна-online»
07.30, 03.00«Q-елі»
09.00 «Удивительные люди»
10.45 «Красавица и чудовище»
13.00, 22.00 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
15.00 «Құтты қонақ»
15.30«Зың-зың Кулпәш»
16.00 «Конан варвар»
18.20, 00.00 «Вдова»
19.20 «Куба»
21.00 «Няняman»
05.10 «Изоляция»
01.00 «Поледний легион»
03.30 «Ұлы дала жаңұясы»
05.00 Т/х «Жеңіп көр»

Печать ТОО «ЖЕТЫСУ СТРОЙ-ГРАД» БИН:120140015818 считать недействительной. Тел:87767289190

Сейсенбі - Вторник, 4 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Ұлы дала дүбірі»
06.25,13.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10 Т/х «Ахмет Ясауи»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.00 «Жан жылуы»
17.20 «Ораза қабыл болсын»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 «Ashyq alan».
00.50 Футбол.УЕФА Чемпиондар лигасы.1/2 финал. «Манчестер сити»

ХАБАР

06.03 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.30 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Дала қыранғы»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Отчий берег»
18.00 «Ценный груз»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
20.50 «Как боролись с эпидемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
00.30 «Остаться в живых»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,16.00,03.05 «Үздік әзілдер»
07.30 «Союзмультфильм»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 «Қайсар ханша»
14.00 Д/ф «Эпоха достижений»
14.00 Х/ф «Такси-2»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Аға»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10,03.15 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30,02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Дорога в пустоту»
00.20 «По законам военного времени»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Қазақстанда жасалған»
07.45Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.40 Т/х «Улы тамшылар»
09.50 Мерекелік концерт
10.10 Новости
10.50 «Было дело»
12.30,23.35 «Чума»
14.00,21.40 «Хороший парень»
16.10,01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.50-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Ковид-шолу»
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.25 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 18-серия
22.50 «Жеңіс күні»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.00 «Армагеддон»
08.40 Алдараспан,Нысана ,Шаншар әзілдері
09.50,15.20 Экстрасенсы-детективы
11.00 Т/х «Ананди»
12.10 «Двухсотлетний человек»
16.30 «Тахі»
17.00 «What'Up?»
17.30 «Тайна печати дракона»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х « Чужой»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30, 03.30 «Q-елі»
08.30«Құтты қонақ»
09.00 «Удивительные люди»
11.00,19.00 Т/х «Куба»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «Няняman»
16.00,01.00 Т/х«Крепостная»
17.20,02.00 Т/х «Психологини»
18.20,00.00 Т/х «Вдова»
21.30 «Изоляция»
03.30 «Ұлы дала жаңұясы»
05.00 Т/х «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 5 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Ұлы дала дүбірі»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00, 21.30 Т/х «Ахмет Йасауи»
13.00 «Қызық екен...»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 «Алтай табиғаты»
16.30 «Келбет»
17.20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 Футбол. Уефа Чемпиондар Лигасы

ХАБАР

06.0 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Дала қырандары»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «Отчий берег»
18.00 Мегахит «Игра смерти»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
23.30 Т/с «Офицерские жены»
00.30 «Остаться в живых»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,03.05 «Үздік әзілдер»
03.30 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаhарлар шайқасы»
14.00 Д/ф«Эпоха достижений»
14.50 Т/с «Интерны»
15.30 Деректі фильм
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
23.10 «Қайсар ханшайым»
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Аға»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Дорога в пустоту»
00.20 «По законам военного времени. Победа»
02.00 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
09.30 «Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.50 «Было дело»
13.30, 23.35 «ЧУМА»
14.10 «ХОРОШИЙ ПАРЕНЬ»
16.10, 01.15 «Ф.И.Л.И.Н»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Если ты меня простишь»
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Ковид-шолу»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид-обзор»
19.25 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл
20.15 «Жеңіс күні»
20.20 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.15 Д/ф «Қазақстандықтар Кеңес одағының батырлары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 19-серия
22.50 «Жеңіс күні»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 14.10 «Восьмидесятые»
09.50 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Күн әміршісі»
16.30 «Такси»
17.00 What s Up?
18.10 «Большой папа»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х «Чужой»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,15.00 «Құтты қонақ»
09.00 «Удивительные люди»
11.00, 19.20 Сериал «КУБА»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «НЯНЯMAN»
16.00,01.00 Т/х «Крепостная»
17.00,02.00 «Психологини»
21.30 «Изоляция»
03.30 Т/х «Ұлы дала жаңұясы»
05.10 Т/х «Жеңіп көр!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКЦИЯ АЯСЫНДА

«ДӘРІГЕРЛЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС»

ОСЫНДАЙ АТАУМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯ АЯСЫНДА НҰРОТАНДЫҚТАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТТЕРІН ТАБЫС ЕТТІ.

Аталмыш акцияны ұйымдастырушылардың сөзінше, бүгінде орталықта коронаиндетпен күреске 500-ге тарта маман жұмылдырылған. Ал, жалпы өңірдегі стационарларда 1000-нан аса ақ халатты абзал жан еңбек етуде. Сондықтан, бұл шара жыл бойы жалғаспақ. Ал акция аясында ай сайын 130-ға тарта дәрігерді қамтуды жоспарлауда. Бұдан бөлек, 12мамыр медбике күніне орай, ақшалай сертификаттар да табысталмақшы.

«Қазіргі уақытта ауруханада 260 адам ем қабылдауда. Індетпен күресуде дәрігерлеріміз барын салуда. Мұндағы әр маман қалтқысыз еңбек етуде. Акция аясында тапсырылған азық-түлік себеттерін індетпен күресуде алдыңғы шепте жүрген реаниматологтарға арнап отырмыз. Бізде алты рениматолог маман бар» – дейді облыстық аурухана басшысының емдеу жөніндегі орынбасары Мейрамгүл Базылжанова.

«Дәрігерлерге мың алғыс» акциясы былтырдан бері қолға алынып, бүгінге дейін 6 аудандық орталық ауруханаға 13 дана ИВЛ құрылғысы сыйға тартылыпты. Сонымен қатар тағы 4 орталыққа бетперде, мың дәрігер жеміс-жидек себетімен, 1000 л ұлттық өніммен қамтамасыз етілген.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ
қырық төрт сауал жолдады

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау науқанының қорытындысы бойынша Алматы облысы аймағынан 360 адам депутаттыққа сайланды. Бұл туралы «Jetisy Media» ақпарттық алаңында мәлім болды.

Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Жанболат Жөргенбаевтың айтуынша, мекеменің алдағы уақытта атқаратын жұмыс жоспары төңірегінде 8 бірдей сессия өткізу жоспарлануда. Бүгінгі күнге дейін 3 кезекті, 1 кезектен тыс сессия ойдағыдай өтіп, маңызды деп саналатын 28 шешім шығарылған. Негізінен облыстық мәслихатта 6 тұрақты комиссия тұрғын-үй, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, ветеринария, экономика, индустриялық-инновациялық мәселелермен, денсаулық сақтау және дін істері бойынша қатынастарды ретке келтірумен айналысады.

Осы жылдың бірінші тоқсан қорытындысы бойынша 36 депутат өзінің қабылдауын өткізіпті. Қабылдауда жолданған сұрақтардан 391 өтініш оң шешімін тауып, қалған 302 мәселе бойынша тиісті түсініктеме жасалып, бақылауға алынған. Облыстық мәслихат депутаттары 44 депутаттық сауал жолдап, оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдар жұмылдырылыпты.

Айта кетейік, қазіргі таңда депутаттардың қабылдаулары Алматы облысы бойынша 20 аудан-қалаларында және облыстық «Nur Otan», «Қазақстанның халық партиясы», «Ауыл», «Ақжол», «Адал» партияларымен бірге іске асырылуда.

МЕДИЦИНА

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ОТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫ 378 АДАМ САЛҒЫЗДЫ, ОТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫ ЕГУ ЖҰМЫСТАРЫ ОСЫ ДҮЙСЕНБІДЕН БАСТАЛДЫ. ЕСКЕ САЛСАҚ, «QAZQOVID-IN» ВАКЦИНАСЫНЫҢ ЕКІ КОМПОНЕНТІНІҢ 4000 ДОЗАСЫ ӨҢІРГЕ ӨТКЕН ЖҰМАДА ЖЕТКІЗІЛДІ. БҰЛ ОСЫ АЙМАҚТА ОРНАЛАСҚАН ЗАУЫТТАН ШЫҒАРЫЛҒАН АЛҒАШҚЫ ПАРТИЯ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ӨҢІРДЕ ОТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫ 370-ТЕН АСТАМ АДАМ САЛДЫРДЫ



Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, 146 адам Кербұлақ аудандық орталық ауруханада вакцинаның бірінші компонентін алды, Көксу ОАА – 121, Талдықорған қалалық емханасында – 80, Текелі ОАА – 23, Қаратал ОАА – 8 адам осы вакцинаны салдырды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Арман Жансеңгіровтің айтуынша, отандық вакцинаның өзгелерінен ерекшелігі сол, оны +2-ден +8 градусқа дейін сақтауға болады, бұл оның тасымалдау, сақтау жағдайларының тиімділігін көрсетеді. *«Қазақстандық ғалымдар дайындаған бұл вакцинаның белсенділігі жойылған»,* - деп түсіндірді маман.

Жалпы бүгінгі күні Алматы облысында коронавирусқа қарсы вакциналардың 1-ші компонентін 134 253 адам, II компонентін 17 596 адам салдырды. 253 егу пункті жұмыс істейді, соның 80-і жылжымалы пункт.

МӘДЕНИЕТ

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ЕСКЕРТКІШ

Киелі Жетісу жерінде өткенімізден сыр шертетін, дара тұлғалар өмірінен тың мағлұмат беретін тарихымыздың өшпес бір бөлігі іспеттес ғимараттар мен ескерткіштерге жеткілікті. Бұл кейінгі өскелең ұрпаққа танымдық-өнегелі тәрбие беретін мәдениеттің қайнар бұлағы.

Ескерткіштер қашанда ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес, сол елдің өткені мен бүгінін саралауға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Бүгінгі жастарды өңірдің тарихи-мәдени орындарымен, сәулет ескерткіштерімен таныстыру, оларды құрметтеуге, зерттеуге баулу әр қазақ азаматының міндеті деп ойлаймын. Міне, осындай негізде музей қызметкерлері батыр бабаларымызды насихаттау мақсатында ескерткіштерге арналған шағын виртуалды экскурсиялық саяхатты қаламыздағы «Жетісу тарландары» патриоттық клубының оқушыларына ұйымдастырды. Экскурсиямызда өз дәуірінде талантты қолбасшы бола білген, Орта жүздің Найман тайпасының Қаракерей руының Байжігіт тармағынан тараған, ел азаттығы жолында күрескен киелі батыры – Қаракерей Қабанбай батыр, белбеуінде қылышы ілінген Ескелді би, қолына найза ұстаған Балпық би, қолында қобызы бар Қаблиса жырау бабаларымыздың құрметіне орнатылған «Үш ата ескерткіші» және қаламыздағы Алматы-Талдықорған тас жолымен Үштөбе-Талдықорған тас жолының аралығында орналасқан, қазақ даласынан шыққан тарихи тұлғалардың ішіндегі ғалым, алғашқы тарихшы ретінде танылған, тарихқа елеулі мұра қалдырған бабаларымыздың бірі - Қадырғали би Қосымбекұлы Жалайыр туралы тың деректер айтылды.

Мұндай шараны өткізудегі негіз – тарихи өлкеміздің рухани және құнды мұраларын көздің қарашығындай сақтау, жастардың еліне, жеріне деген патриоттық сезімін арттыру, ескерткіштер мен тарихи жәдігерлерді сақтауға үйрету. Бүгінде Алматы облысында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштердің саны – 2336-қа жуық, ал Талдықорған қаласында ескерткіш саны – 22 нысанды құрайды. Ескерткіш мұралары көне тарихтың куәсі. Арнайы тұғырға қондырылған ұлы бабаларымыздың ескерткіштері қаламызға сән беріп қана қоймай, жас ұрпақ тәрбиесінде үлкен маңызға ие. Олай болса, оларды насихаттау әрбір азаматтың парызы, сонымен қатар қамқорлығы болмақ.

Жазира ТАУЕТОВА,
М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХИ ДЕРЕК

Соңы. Басы өткен сандарда.

ҚОНАЕВҚА НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?

3. Кінә Қонаевта емес, бодандықта...

Журналист-жазушы Қайым-Мұнар Табеевтің 2020 жылдың 11 желтосанында «Қордайдағы қазақ-дүнген 86-жылдың жаңғырығы», 18 желтоқсанда «Камалиденов «маскүнемдер» мен нашақорларды» қолдан жасады» атты мақалалары «Қала мен дала» газетінде жарық көрді.

Мақаланың алғашқы бөлігінде ол:

«...Осы ретте, билікте ұзақ жыл отырған Дінмұхамед Қонаевтың мына бір мойындауы еске түседі. «Жалғыз ғана көзімнің жеткені – көп уақыт билік басында болуға болмайды. Айналаңдағы адамдарды тану түйсігің жоғалыды, тың ойларды түсінбейсің немесе қабылдамайсың, өзіңе өзің сын көзбен қарауды қоясың. Сосын міндетті түрде қателіктер жасайсың, әсіресе кадрлық саясатта». («Бірлесу» тәуелсіз газеті, 15 қыркүйек 1990 ж). Ал кадрлық саясаттың теріс жүргізілуі орны толмас өкініштерге апарып соқтыратынын уақыт көрсетті.

Сталиндік саяси қуғын-сүргінде бір Қазақстанның өзінде 110 мыңнан астам адам лагерьлерге тоғытылды. 25 мыңдай Алаштың қаймағы «халық жауы» ретінде атылды. Оған «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» науқанында қынадай қырылған қандастарымыз қосыңыз», – дейді.

Біріншіден «Бірлесудегі» мақаланың авторы кім? Көрсетілмеген. Өйткені автордың кейіпкерге көзқарасына көп байланысты. Белгісіз автор Қонаев мойындағанын жазған. Ал Кеңестер Одағы тарихында билікте ұзақ отырғанды мойындаған кім бар? Қонаевтан басқа ешкім жоқ. Бұл оның саналылығын, парасаттылығын көрсетеді. Екіншіден, кадрдан қателескен орны толмас өкінішке апаратынын айта келіп, елде болған қуғын-сүргінді, алапат аштыққа әкеп тіреген. Ұлттық кадрлар Қонаевтың кезінде ғана көбейді. Соған дейін колхоз-совхоздардан бастап, аудан, облыстарда қазақ кадрлар саусақпен санап аларлықтай ғана еді. Орыс тілін білген, оқыған қай қазақтың басшы болғысы келмеді. Абай жақсы айтқан қазақ шен-шекпенді жақсы көрген. Ал жоғары қызмет орны санаулы. Қай қазақтың көңілін тапсын. Қонаев қызметте ешкімді алаламаған. Іскер, ұйымдастыру қабілеті жоғары үш жүздің қазақтары қызметсіз қалған жоқ. Оған қоғамды зерттеушілердің жасаған социологиялық талдауларының статистикалық көрсеткіштері дәлел. Ал Қонаевтың орнына мен бола қоймадым дегендердің өкпесі қара қазандай болғаны рас. Автор билікте ұзақ отырғандар халықтық қасіретке алып келгенін меңзейді. Рас, тарихта ондай ауыр зұлмат жағдайлар болған. Тек Қонаевтың кезінде емес. Қонаев билікке келгенде 2 млн. 400 мыңдай қазақты 1986 жылға дейін 6 млн. 700 мыңнан астамға жеткізді. Кеткеннің орнын толтырды.

Қайым-Мұнар Табеев мақаланың «III. Қонаев? Оның тұсында 700-ден аса қазақ мектебі жабылды» атты бөлімінде былай деген. «...Алайда қанша жерден мақтап, әспеттесек те Қонаевтың руханият саласында тек «орыстандыру» бағытын ұстанғанын жасыра алмаймыз. Оның кезінде 700-ден аса қазақ мектебі жабылып қалғаны шындық. «Жаптырмаймыз» десе, билік қолында тұр еді ғой. Жоқ, билігін пайдаланбады. Ал сол кезеңдерде біз сияқты күн кешкен өзбек, түркімен, тәжік мектептерінің бірде-бірі жабылған емес». Автор тағы бірқатар адамдардың тіл мәселесіндегі пікірлерін тілге тиек еткен. Сонда бәріне Қонаевты кінәлі етіп шығарыпты.

Мен соған дейін Қайым-Мұнар Табеевті тыңғылықты зерттеушілер қатарына қосып, өзіне сырттай болса да құрметпен қараушы едім. Қателескен екенмін. Өйткені айтып отырған мәселенің мәніне бармай ұшқары, жалаң оймен шектелген. Қазақ тарихтың қасіретті жылдарында ақын Жұбан Молдағалиев жырлағандай мың өліп, мың тірілген жоқ па. 1928-29 жылдардағы тәркілеу кезінде қазақтың байлары құл-құтандарымен Қытай, Моңғолия, Тәжікстан, Ауғанстан, Иран асқан. Тіпті бірқатар ғалымдар олардың біразының Кеңеске кеткен малымызды ит жесін деп қора-қопсысымен өртеп жібергендері жөнінде мұрағат құжаттарын жария еткен. Қалың ел жайлаған кең дала солай босап қалды. Рас адамдардың бәрі бірдей емес. Араларында саны аз да болса Қаратаудың күнгей бетін жайлаған Өскенбайдай байлар да кездескен. Атшабары келіп: «Өсеке, ана ауылдың, мына ауылдың мырзалары Тәжік арқылы Ауған аспақшы болып жиналып жатыр. Біз де қозғалсақ қайтеді» дегенде ол: «Жұрт үдере көшті деп жылы орнымды суытар жайым жоқ. Бәріміз жан сауғалап кетсек, мына ата-бабамның сүйектері жатқан жер қаңырып қалмай ма? Бос жерге қара шекпенді орыстар қоныстанбасына кім кепіл? Біз қайта ораламыз дегенше не заман. Ата қоныс жерімізді таппай қалып жүрмейміз бе? Сен ана малымды кедейкепшіктерге таратып бер. Өзімде орта шаруаға тиесілі қалса жетеді», – дейді. Ол солай отырып қалады. Көп кешікпей тәркілейтін комиссия келген. Оның бір мүшесі Ерғазиев деген жас жігіт екен. (1975-76 жылдары ол университетте «КОКП тарихынан» дәріс оқыған). Студенттер сол кісіден Өскенбайдың тағдырын сұрапты. Ол: «Ақылды жан екен. Малдарын кедей кепшіктеріне таратып беріпті. «Малым – жанымның садағысы». Алам десеңдер әне. Тек қатын бала-шағама тиіспеңдер» дегені есімде. Голощекиннің талабы қатты болды ғой. Өсекеңнің өзін Түркіменстанға жер аудардық. Одан кейін тағдырын білмедім», – деді. Ия, сондай да жандар болған.

1931-33 жылдардағы аштық үш миллионға жуық қазақты жалмап кеткен жоқ па. Ұлтымызға бұл қасірет аз болғандай соғыс жылдарында шейт болған бір миллионға жуық қазақты қосыңыз. Арқаның даласы елден мүлдем босап қалған. 1960 жылы Қонаев билік басына келген кезде қалған қазақтың саны 2 млн. 400 мыңдай ғана екен. Республика тұрғындарының 18-20 пайызын ғана құрапты. Ұлан ғайыр жерімізде олардың бар жоғы да білінбеген. Жергілікті ұлт өкілдерінің саны мүлдем аз болған соң да Хрущевтің жерімізге көз тіккені сол. Оның үстіне аштықты көрмеген өзбек, тәжік, түркімен секілді бұрыннан отырықшы өмір салтын ұстанып, тығыз отырған жоқ. Ал халықтың саны көп мәселені шешуде үлкен рөл атқарады.

Ұлты неміс, жаны қазақ болып кеткен жазушы Герольд Бельгермен кездескен бір журналист: «Сіз үш жүзге де жатпайсыз. Айтыңызшы Дінмұхамед Қонаев қандай адам?», – деп сұраған. Ол: «Мен ол кісінің қабылдауында болған емеспін. Өзін анда-санда телеарнадан көріп қалушы едім. Бірақ қазақтардан ол туралы бір құлағым жақсы қасиетін есітсе, екінші құлағым жамандықтарын естуші едім. Бірақ қайсысына көңіл тоқтатарымды білмей жүрдім. Бір жолы Әбдіжәміл Нұрпейісов екеуміз Ленин даңғылының жоғарғы жағындағы шағын саябақта әңгіме-дүкен құрып отыр едік, жол шетіне бір ақ волга келіп тоқтады. Кабинадан жеңіл киінген ұзын бойлы кісі шықты. Әбдіжәміл: «Қонаев ақсақал ғой, жүр сәлем берейік», – деген соң солай қарай беттедік. Ол жылы шыраймен амандасты. Әбдіжәмілді жақсы таниды екен. Мені сыртымнан білетін болып шықты. Үшеуіміз ұзын арқылы орындыққа жайғастық. Әбдіжәміл сөз арасында 700-ге жуық қазақ мектептің неге жабылып қалғанын сұрады. Ол 1950 жылы КОКП ОК-нің «Ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру жөніндегі» Қаулысын айта келіп, мән-жайды арыдан түсіндірді. Айтқандары дәлелді болған соң менің құлағыма кірді. Өйткені сол кездегі жағдай менің көз алдымда өтті ғой. Алапат аштық, сұрапыл соғыстың салдарынан қазақтың даласы қаңырап қалды емес пе. Мен өскен Солтүстік Қазақстан облысындағы үш-төрт үйден ғана тұратын ауылдар аудан орталығынан 80-100 шақырым қашықтықта еді. Бүгінгідей тас жол қайда. Жауын жауса езіліп жататын қара жол. Алты, жеті айға созылатын ұзақ қыста қатынаудың азабын айтсайшы. Көліктер де санаулы. Соғыстан кейінгі ауыр жылдар. Алыс ауылдарға электр желісін апаратын Үкіметтің шамасы жоқ. Сол үш-төрт үйлі ауылдарда жас құралыптары әрқалай үш төрт бала қам кесектен соғылған ашық-тесік жайда оқитын. Бірі бірінші, екіншісі төртінші, үшіншісі жетінші сыныптың оқушылары. Мұғалімі әйтеуір хат таниды демесең сауаты шамалы біреу. Күндіз өз шаруасымен жүреді де кешке балауыз шаммен балаларды оқытады. Соғыстан кейінгі жылдарда Үкіметтің сол ауылдарға дейін жол салып, электр желісін тартатын шамалары болған жоқ.

1954 жылы тың көтеріліп, сырттан еуропалық нәсілдегі жандар ағылды. Жаңа совхоздар мен аудан орталықтары бой көтерді. Әлгі шағын ауылдарды Орталық Комитет пен Үкіметтің әлгі шаруашылықтарды ірілендіру қаулысына байланысты жаңа совхоздар мен аудан орталықтарына жинақтау жұмыстары жүргізілді. Қазақ балаларының саны мүлдем аз. Жеке мектеп ашуға келмейді. Оларды әр ауылдан аудан орталығындағы интернатқа жинап, балалар саны көп орыс мектептерінде оқытты. Солай үш-төрт үйден тұратын алыс-алыс ауылдардағы мектептер жабылды. Балалар жақсы білім алды. Мен қазақшаны солардан үйрендім. Кейін олардың арасынан ел басқарған азаматтар, белгілі ғалымдар шықты. Бір таңқалғаным Қонаевтың жады өте күшті екен. Солтүстік Қазақстандағы шаруашылықты басқарғандар мен еңбек адамдарының есімдерін жаңылмай айтып отырғанда мен іштей таңғалып, жағамды ұстадым. Ғалымдарға, әдебиетшілерге, өнер адамдарына жасаған қамқорлықтары қаншама. Тағы бір таңғалдырғаны Сүйінбай, Абай, Жамбылдан бастап, бірқатар ақын-жыраулардың өлеңдерін, үш бидің нақыл сөздерін жатқа айтқанда иманы таза жан екеніне көзім жеткендей болды. Мұндай қасиет ел басқарған жандарда бола бермейді. Қазір Қонаевты жамандаған пенделердің сөзін естігім де келмейді. Менің ойым Дінмұхамед Қонаев Қазақстанды 25 жыл лайықты басқарған».

Жазушы Бельгер жалған сөйлейді деп айту ағаттық. Ол өз көзімен көргендерін баяндаған. Ел ішіндегі жағдай солай болса амал нешік. Сталин басқарған ОК-тің қаулысын орындамай көр. Ал Қайым-Мұнар Табеевке 700 мектеп жабылып қалды деп кесіп айту оп-оңай екен. Сондай қияндағы үш-төрт үйден тұратын ауылдың жағдайын басынан өткізбеген соң қайдан білсін.

Жақсы адамның артынан сөз ереді. Дінмұхамед Қонаев өмірден өткен соң ел ішінде әрқалай сөздер айтылып жатты. Тіптен қисық-қыңыр пікірлер ақпарат құралдарында да жарияланған. Солардың бірі 1962-1964 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болған Исмаил Юсупов 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «С чистатой помыслов» атты кітабында: «Мен республика басшылығына келген кезде бірқатар менің қара көз достарым Қазақстан шыңына ұйғыр шықты деумен болды. Егер солай дейтіндері бар, неге Қонаев туралы ашып айтпайды? Ол да таза қазақ емес қой. Ұлты бойынша татар. Бұл туралы мен Қазақстанның бұрынғы басшысы ретінде толық жауапкершілікпен айтамын. Қонаевтың және оның ата-аналарын менен басқа ешкім де білмейді десем асыра айтқаным болмас. ...Қазақстан басшылығына ұлттық кадрды ұсыну жөнінде мәселе қозғалған кезде Д.А.Қонаев бір түнде өз төл құжатын құртып, орнына ұлты қазақ деп жазылған жаңасын алған». (19 б).

Іште өртеген қызғаныштың қыжылы не дегізбейді. Есесі кеткен жандардың осылай еріліп сөйлейтіні бар. Юсуповтың бұл сандырағын ескермей-ақ қоюға болар еді. Бірақ арамызда Қайым-Мұнардан басқа да оның осы сөзін малданып, айналасын көңірсітіп, бықсытып жүргендерді қайда қоясың. Оңтүстік Қазақстандағы үш ауданды өзбектерге бергізіп, қазаққа қастық қылған Юсуповтан бүгін біздің жазғыштар соның айтқанына имандай сеніп сөзінен цитата алғанын қайтерсің. Кавказ, Балтық жағалауындағы халықтар ондайларды ауыздарына да алмайды. Ал біздегілер мұндайда ар-намыстарын жинап қойып, адал жандардың ақ-қарасын айырмай жағасына жармасады.

Ешкім де өз тегін, өз сүйегін сатпайды. Қонаев өзінің қазақтығын өз ұлтын жанындай сүйетінін адал ісімен дәлелдеп кетті. Ал алаяқ, құлардан кемеңгер шыққан емес. Ақыл парасат-пайымы, өресі жоғары жан бәрін де ой елегінен өткізген. Өмірінің соңғы кезеңінде, жаны Алланың алдына біртабан жақын тұрған кезде жазған «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабының алғашқы бетіне Ақарыстан

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХИ ДЕРЕК

бастаған ата-тек шежіресін өз қолымен жазып қалдырды. Рас, арғы бабасы Қонай татарға үйленген. Содан Меңдіахмет туған. Ол Шелек ауылындағы Байырқызы Зәуре апамызбен тұрмыс құрып, Дінмұхамед өмірге келеді. Дінмұхамедтің сыртқы пішіні анасына тартқан. Ұлты татар деудің еш қисыны жоқ. Юсуповтың айтқандары жел сөз. Ал оны жалаулатып жүргендердікі де бос сөз. Ешкім де шындықтан қашып құтыла алмайды.

Қайым-Мұнар сөз орайында: «Біз осы күндері «жүзден аса ұлт тұратын...» деген жалған ұранды жиі жалаулатып айтамыз. Соның авторы кім екен деп жүрсем, ол да Қонаев болып шықты. 1977 жылы шыққан «Советтік Қазақстан» атты орыс тіліндегі кітабында бақытты ел қандай деп сауал қойып, соған жауап беріпті. «Это 19 областей, более 80 городов, 193 поселка городского типа, 248 сельских районов, где дружной семьей живут и трудятся представители более 100 национальностей и народностей». Ең өкініштісі, бұл қисынсыз өтірік осы күнге дейін жалғасып келеді», – дейді.

Тағы да Қонаевты кінәләп, күйе жағу. 1961 жылы 24 маусымда Қазақстанның 40 жылдық мерекесі өтті. Салтанатты жиында Қонаев сөз сөйлеп жатқанда Никита Хрущев киіп кетіп: «Сіз неге Сталин туралы еш нәрсе айтпайсыз, – деді шұқшия түсіп. – Сталин халықтар достығының басты ұйымдастырушысы. Оны ұмытуға болмайды. Оны есте сақтау керек».

Мен құлаққағысты естімеген адамдай, өзімнің ойымдағыны түгел айтып біттім. Бірақ жоқ жерден Хрущевтің бүйректен сирақ шығарғаны ойландырмай қоймады. Мұнысы несі? – деймін іштей, – Қағытқаны ма, қалжыңы ма? Әлде, сынап көргісі келгені ме? Қалай болғанда да орынсыз, елдің бірінші басшысына лайық қылық емес. Жоқ, бар шыны сол шығар. Ойнап айтса да, ойлап айтса да, ол өз арына сын. Мен ақылдан сабыр дегенге жүгініп, Сталин туралы ләм-мим деп тіс жарғаным жоқ». («Ақиқаттан аттауға болмайды» «Санат» 1994 ж. 230 б.).

Қонаев қай облыста, қай ауданда жүрсе де, онда не айтса да Мәскеу бәрін біліп отырған. Қысқасы, басқан ізі аңдуда еді. Іс-сапармен барған облыстардың еуропалық нәсілдегі бірінші не екінші хатшылары Мәскеуге сол бойда жеткізіп отырса ұлт жөнінде сөз айтып көр. Хрущев халықтар достығын аузына бекер алған жоқ. Қонаев республикада қазақтың аз, кірменің көп екенін ешқашан есінен шығарған емес. «Көп қорқытады, терең батырады». Қайым-Мұнардың Желтоқсан көтерілісін зерттеп жүргенін білемін. 1986 жылы желтоқсанда біздің жастар империялық жүйе саясатына қарсы шығып бой көрсетіп еді, республикада тұратын өзге ұлт өкілдерінің бәрі славяндар жағына шыға келді. Жастарды қолдаған басқа бірде-бір ұлт өкілдері болмады. Сонда қазақ жастарының арандап қалғанын өзі де көрді.

Кеше мақтап, бүгін даттап сөйлейтіндер бар. Олар аз да емес. Енді міне, Қайым-Мұнар да солардың бірі ме деп отырмын. Оның 2006 жылы «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Қазақтың Желтоқсаны» кітабында: «...СССР Бас прокуратурасының аса маңызды істермен шұғылданатын тергеушісі, генерал-лейтенант В.Калиниченко қанша тырысса да, Қонаевтың жеке басына қатысты қылмыстық істен еш нәтиже шығара алмады. «Биік қызметте жүріп салдырған үйі, саяжайы, тіпті, автокөлігі де жоқ. Қыруар тарту-таралғыдан бір сабақ жіп алмаған мұндай таза адамды ғұмырымда кездестірмеппін» деп өзі мойындаған («Литературная газета» 12.04. 89 ж) Мысалы, өзінің 70 жылдығына Бюро мүшелері сыйлаған жапон қымбат теледидарын өзі отырған кабинетте қалдырып, шетелдік сапарлардан жинақталған сый-сияпаттың барлығын мұражайға өткізуі, академик ретінде мемлекеттен алатын 750 сом стипендиясын 25 жыл бойы №3 балалар үйіне аударып отыруы оның қарапайым жан ретіндегі тұлғасын асқақтата түседі». (126 б). Жоғарыда Тәшенов «Еркектің екі сөйлегені – өлгені» дейді.

Дінмұхамед Қонаев бар өмірін ұлтына, халқына арнаған жан. Қайым-Мұнардың соны біле тұра, бүгін өз пікірін бірден өзгерткені қалай? Пендешілік деген осы шығар сірә.

Қонаев ұлт мүддесін ашық қорғап, қолдай бастаса болды «ұлтшыл» атап, саясат сахнасынан тайдырып жіберетін еді. Сондықтан ұлт үшін үндемей жүріп үлкен істі тындырған. Бұл көзге көрінбейтін істер болатын. Оның жергілікті ұлттың саны көбейгенше ел ішінің тыныштығын ойлағаны сол. Оның «жүзден аса ұлт өкілдері тұратынын» айтқаны уақытша алдамшы амал ғана. Соны түсінбегендер оны орысшыл деп кінәлайды. Қазір де елде көп ұлт өкілдері тұрады. Араларында бұрынғы КСРО-ны аңсайтындар жетіп жатыр. Олардың тіліміздi менсінбей жүгендері сол. Тіпті оларды былай қойғанда өзіңнің қалалық қазақтарың да бір-бірімен қазақша сөйлеспейді. Соларға өз тіліңді біл деп ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жүр ғой. Ал шыққан нәтиже қане?.. Ұлт әлі де ұйқыда. Қала берді бізге әлі де санымызды көбейте түсу керек. Адай ақын айтқандай «Әр қазақ менің жалғызым» деп, ынтымақ, бірлікті берік ұстанбасақ, кім көрінгенге жем болып кетеріміз хақ. Ал бізге қазір бірлік ауадай қажет.

Мақаланың «Бір адам Қонаевтың кетерін күні бұрын білді» деп аталған бөлігінде, Камалиденовтің «Аңыз адам» журналының 2010 жылғы №12 санында жарияланған сұхбатынан үзінді берген. «Желтоқсан оқиғасы – бұл Горбачевтың жіберген үлкен қателігі. Нақтылап айтсам, Қазақстанға Колбинді бірінші хатшылыққа жіберуінің өзі ағат қадам еді, себебі ол республиканы білмейді». Бұл арада «үлкен ағаттық» деп өзінің тағайындалмай қалғанын айтып отырғаны аңғарылады. Ол кезде Қазақстандағы жоғары биліктен үміткер төрт адамның аты жиі аталып жүрді, – дейді Қайым-Мұнар».

Дұрысы Горбачев қателескен жоқ. Ол Қонаевтың кезінде билікте жүрген ұлттық кадрлардың тым көбейіп кеткенін жақсы білді. Алматыда өткен тыңның 25 жылдық мерекесіне қатысқан, ОК-тің Ауыл шаруашылығы жөнінде хатшысы ретінде Семей облысына іс-сапармен барған, 1985 жылы ОК-ке Бас хатшы қызметіне сайланған соң күзде Целиноградтағы ауыл шаруашылығы белсенділерінің жиналысына арнайы келген. Сол кездерде басшылықта жүрген кадрлардың жетпіс пайыздан астамы қазақтар екенін көріп, білді. Колбинді солардың санын қысқартып, империялық саясатты күшейту үшін жіберді. Бірақ жастардың қарсылығына ұшырап, дегені бола қоймады.

Автор мақаланың келесі бар азат жолында:

«...Иә, болары болды. Өзі тәрбиелеп өсірген ізбасарларының жасы келген кезде жан-жақтан талағанына ренжіген ақсақал «Орныңызға лайықты кім бар?» деп Горбачев сұрағанда, ешкімнің атын атамауын енді түсіндік», – деп жазыпты.

Кайым-Мұнар, анау Талғат Айтпай екеулеріннің илегендерін бір терінің пұшпағы. Басқалардың да жан жарасын сыздатқан Желтоқсан көтерілісі туралы азды-көпті материалдарын жинап, оқып-тоқығаным бар. Сондықтан да сенің мына айтқан тұжырымыңмен келісе алмай отырмын. Сен дәп осы жерде Горбачев пен Қонаевтың орнын ауыстырып жіберген сияқтысың. Керісінше әлгіндей сұрақты Қонаев Горбачевқа қойған. Ақыр зерттеген екенсің күніне қырық құбылған Горбачевпен ғана шектелмей Қонаевтың кейінгі жылдары ақпарат құралдарына берген сұхбатына да зер салып барып, ой қорытқаның жөн болар еді.

Қонаев 1986 жылы 11 қарашада Горбачевтың қабылдауында болып, қызметінен босату жөнінде өтініш берген. «В конце разговора спросил Горбачева о том, кто будет секретарем вместо меня. Он ответил: «Позвольте это решать нам самим». (Дінмұхамед Қонаев. «О моем времени». 265 стр.). Сен Горбачевтің сөзіне сенсең, мен Қонаевтың сөзіне сенемін. Біле білсең Горбачев Қонаевтан пікір сұрауды арсынып, рухани жағынан алшақ кеткені қашан. «Сырт көз сыншы». Целиноградта өткен партия-шаруашылық белсенділерінің кеңесінде Горбачев Қонаевтың сөзіне құлақ аспай, жүре тыңдап, оғаш мінез танытқанын жұрт телеарналардан көріп, оның астамшылығын байқаған. Оны өзің де көрдің. Қонаев естелігінде сол жағдайды да айтқан. «...Аты жүріп тұрған кісінің айдыны биік болады. Горбачевтің ауыздықпен алысып, түкірігі жерге түспей тұрған шағы. Кісімен жүре сөйлесіп, анау-мынау сөзге құлақ аса қоймай, мінез байқатып қалып жүрген тұсы. Екеуміз етбауырымыз елжіреп, шүйіркелесіп әңгімелесе қойғанымыз жоқ». («Ақиқаттан аттауға болмайды». «Санат», 1994 жыл. 358 б).

Дана халық «Пендені танығың келсе қолына билік бер» дейді. Горбачев Ставрополь өлкесін басқарып жүрген кезінде Минводаға демалуға келген Қонаевты құрақ ұшып қарсы алып, қайтарында жолына құрбан болып кетердей жан ұшырып, шығарып салатын. Қазақ мұндайды «Мынаның әртістігін-ай» дейді. КОКП ОК Бас хатшы болып сайланысымен өңін айналдырып, мүлде басқа кейіпте шыға келді. Солай кеудесін керген Горбачев Қонаевқа иіліп, қалай жөн сұрай қойсын. Қисынға келмейді.

Ия, қызмет басты адамға газет-журналдарды үнемі қадағалап отыруға уақыты бола бермейді. Оны түсінемін. Сен де осы мәселеге байланысты бір маңызды ақпаратты байқамай жіберіп алғансың-ау. Горбачев Қазақстанға кімді бірінші басшы етіп жіберуді Қонаевтың арыз бергенінен бұрын, сол жылы шілде айында-ақ шешіп қойған.

Зақаш Камалиденовтың 2010 жылы «Арыс» баспасынан «Өмір жолдары» атты кітабы жарық көрді. Содан әңгіме орайына қарай үзінді келтірген асылық болмас.

«...1986 жылы шілде айында СССР Жоғарғы Кеңесі өтті. Жиналыс уақытында залда отырған жерімізден Н.Ә.Назарбаев, О.С.Мирошхин және мені М.С.Горбачев шақырып алды. Қабылдау бөлмесінде көптеген республика, облыс басшылары бар екен. Жекелеу тұрған бір кісі келіп, қолын беріп: «Мен Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Колбинмін», – деп өзін таныстырды. Біздің ойымызда ештеңе жоқ, тек кейін ғана түсіндім. Бізбен таныстырудың бір жолы екен...

Бір кезде қабылдау бөлмесіндегі жауапты қызметкерлерге микрофон арқылы шақырылған адамдарды біртіндеп кіргізу туралы айтқан М.С.Горбочевтің өз дауысын естідік. «Казахов в конце» дегені де құлағымыз шалды. Үшеуміз бір сағаттай қабылдау бөлмесінде кезек күтіп тұрғанда не айтамыз, қалай айтамыз деп, кезегімізді де келісіп алдық. Шақырған соң әуелі Олег Семенович Мирошхин, сосын Нұрсұлтан Абишевич, ең соңында мен кірдім. Бас хатшының алдындағы шағын столдың сол жағына Нұрекең, оң жағына Мирошхин екеуміз жайғастық. Келісім бойынша әңгіме-хабарды Олег Семенович бастады. Орталық партия Комитетіндегі қиыншылықтарды, Димаш Ахметович Қонаевтың республика басшыларына сенбестік көрсете бастағанын баяндады. Бір уақытта Нұрсұлтан Абишевич сөзге араласа кетті. «Қонаевпен жұмыс жасау қиындады. Мені бір облысқа жіберіңіз. Павлодарға бірінші хатшы болып барар едім», – деді. М.С.Горбачев оның сөзін аяғына дейін тыңдамастан: «Істей бересің», – деді. Осыдан кейін әңгіме қиюласпай қойды. Мен Орталық Комитеттің жұмысындағы ішкі қиыншылықтарды баядадым.

Бізді аз-кем тыңдаған соң Бас хатшы өз тұжырымын айтты. «Жұмыс істей беріңдер, ақсатпаңдар. Димаш Ахметович өтініш айтты. Тағы да бір миллиард пұт астық тапсырайық, сосын өзім арыз беремін деді». – дегенді қосып айтты». (143-144 бет).

Касалиденов осы кітабы жарыққа шығардан сәл бұрын «Аңыз адам» журналына сұхбат берген. Ол №12 санында жарияланды.

«...Үміткер – төртеуміз. Әуелбеков, Назарбаев, Камалиденов, Мұқашев. Осы тізім Разумовскийдің үстелінде жатыр дейді. Журналист: «Бұл қай кездегі әңгіме?». Камалиденов: «Шілде айында. Бәріміз депутатпыз. Мирошхин, Назарбаев және мен. Сессияда отырмыз. Бір уақытта бір офицер келді. «Сіздерді Горбачев шақырып жатыр», – деді. Бізді сессиядан алып кетті. Назарбаев, Мирошхин мен үшеуміз бардық.

Горбачевтың қабылдауында адам көп екен. Обкомның, ОК-тің бірінші хатшылары жүр. Өзара сөйлесіп тұрмыз. Бір уақытта бір ірі кісі келіп: «Сәлеметсіздер ме, мен Колбинмін. Ульянов обкомының бірінші хатшысымын», – деді. Ойымызда ештеңе жоқ, амандасып тұра бердік. Кейін ойлап отырсам, Горбачев сол кезде бізді бекер шақырмаған сияқты. Колбинді көрсін деп шақырған болуы керек. Демек, Колбинді Қазақстанға жіберуді сол кезден ойластырған болуы керек. Бірақ мені Кремльде жеке қабылдап: «Димаш Ахметұлының орнына сайлайық» деп ұсыныс жасағаны да рас. Бірақ мен: «Денсаулығым келмейді» – деп бас тарттым. Бала кезімде остиемиелитпен ауырып, үш операцияны бастан өткердім. Аяғымды кесіп тастай жаздаған. «Ертең сізді Разумовский шақырады, әңгімелеседі», – деді. Бардым, сөйлестік. «Қонаевтың орнына жалғыз лайық адам – Назарбаев», – дедім».

Бұрын бұлар көріп, білмеген Колбиннің өзін қарадай тұрып таныстырғанында не гәп бар? Мансапқорлық. «Көп ұзамай сендерге басшы мен боламын» дегені ғой шамасы. Солай да болды. Сол екі сағат қабылдауда Разумовский не сұрады? Камалиденов қалай жауап берді? Әрине, әңгіменің Қонаев жайында, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі ахуал тұрғысында болғаны анық. Бұл алтыбақан алауыздықты қоздыра түсу үшін билікке таласқан төртеуге итке сүйек лақтырғандай Кремльдің империялық Ресейден келе жатқан жымысқы саясаты. Біреуді қызметтен аларда «Правда» мен «Известия» секілді азулы газеттерге жеріне жеткізе сынатады. Ал біреудің лауазымын көтеретін болса, одақтық газеттерге аяқтарын жерге тигізбей мақтататын.

Содан көп ұзамай «Аргументы и факты» газетінде Колбиннің сұхбаты шығып, қайта құру саясатын қатал жүргізудің арқасында облыстағы тұралаған халық шаруашылығын даму жолына қойғанын мақтанышпен айтқан. Кейін арты ашылып, «Литгазетаның» ол туралы «Оқшантайдан шыққан адам» деген тақырыппен шыққан бір беттік мақалада өтіріктерін ашып, қатты сынап жазғанын жұрттың бәрі біледі.

Автор мақаласында: «Қонаев ел тағдыры сынға түскен ауыр сәтте, ұлт қамын ойлаудан гөрі өзінің пендешілік пиғылынан аса алмапты», – дейді. Сонда не айтқысы келіп отыр? Түсінсем бұйырмасын. Әлде Колбиннің «Қонаев алаңға шығып, жастар алдында сөйлеуден бас тартты» дегенін малданғаны ма? Қонаев екінші хатшы Мирошхиннің телефон соғып, Колбиннің алаңға келіп жастар алдында мән-жайды түсіндіріп берсін дегенін жеткізген соң ОК-ке барған. «...Колбин екі адамға: Назарбаев пен Камалиденовке жастар алдында сөйлеуді ұсынды. ...Араға аз-кем уақыт салып, Колбин барлық бюро мүшелерін жинап, оларға қосып мені де шақырды. Кірген бойда ол маған: «Сіз боссыз, дем ала беріңіз. Біз өзіміз-ақ тиісті шара қолданып, тәртіпке келтіреміз», – деді. Мен шығар алдында Мирошхиннен: «Не үшін шақыртты, неге сөйлетпедіңіздер?», – деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді. «Ақылдаса келіп, сізге алаңға шығып сөйлеуіңіздің қажеті бола қоймас деп шештік».

1987 жылы маусым айында Мәскеуде өткен КОПК Орталық Комитетінің пленумында маған алаңға шығып, сөз сөйлеуге рұхсат етпегенін Мирошхин тағы да растады». («Ақиқаттан аттауға болмайды». 428 б).

Бұдан артық қандай дәлел керек?

Қайым-Мұнар Табеев мақаласында біраз адамдардың Қонаев қақында айтқан сыңаржақ пікірлерін жазыпты. Ал Қонаевтың асыл қасиеттері жайында өте жоғары пікірлер айтқан республикаға белгілі жандардың сөздерін тізе берсек, газет бетінде бос орын қалмас.

Биыл Ілияс Жансүгіров поэзиясының ең биік шыңы, халық даналығының гимні (К.Алтайский) болып саналатын соңғы жарияланған «Құлагер» поэмасына 85 жыл толып отыр. 1936 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бірнеше номеріне жарияланып, бүкіл республика оқушыларының назарын аударған ғажап туынды.

«*Бұл қазақ поэзиясының жаңа бастамасы, бұл классикалық шығарма*» (Е.Ысмайылов).

Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, ажал апатын алдын-ала сезген ақын «Құлагер» поэмасын жазарда өзінің де өмірі осындай трагедиямен аяқталатынын болжаған дейді. Расында да Құлагердің тағдырын қайталағандай, солақай саясаттың құрбаны болған ақын «халық жауы» деген жаламен 1937 жылы абақтыға жабылып, алты айдан соң, 1938 жылы атылады. Сол кезде ақынның барлық кітабы, шығармалары өртелген. Оның ішінде ең соңғы жазған «Құлагер» поэмасы да жоғалып кеткен.

1957 жылы Ілиястың есімі халқымен қауышқанда Ф.Ғабитова Ілиястың шығармаларын жарыққа шығаруға кіріседі. Оның сақтаған көптеген шығармаларының ішінде «Құлагер» поэмасы жоқ еді. Уақыт өте келе бірнеше жыл бойы диванның жастығының ішіне тігіп, сақтаған Сапарғали Бегалин сарғайған «Құлагер» поэмасы жарық көрген газеттерді Фатима Ғабитоваға тапсырады.

1958 жылы өлеңдері мен поэмалары бар қазақ және орыс тіліндегі екі кітабы жарық көреді. Қазақша кітабының редакторы М.Әуезов, орысша кітабының редакторы Михаил Львов. Өлеңдері мен поэмаларын, оның ішінде «Құлагер» поэмасын орыс ақындары Михаил Луконин және Евгений Винокуров орыс тіліне аударды. Азат Сүлеевтің орысшаға аударған аудармалары жоғалып кеткен. Кейіннен филология ғылымдарының профессоры Берік Жылқыбаев аз ғана уақыттың ішінде жаңа вариантпен орыс тіліне аударды. 2016 жылы поэма неміс тіліне қазақша түпнұсқасынан тікелей аударылып, Қазақстан-Гёте институтының қолдауымен «Büchergilde» (Германия) баспасында басылып шықты. Поэманың неміс тіліндегі нұсқасының авторы - неміс жазушысы Герт Хайденрайх. Ал, Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына орай поэманы ұлыбританиялық ақын, аудармашы Белинда Кук ағылшын тіліне аударды.

«Құлагер» поэмасының 75 жылдығына орай 2011 жылы музейде «Құлагердің опат болуы» атты диорамасы жасалынған болатын. Көпшілікті музейге тарту мақсатында үлкен ізденістер мен суреткерлік ой-толғамдардың нәтижесінде дайындалған диорама келушілердің назарына бірден түсіп, көрерменін өзіне еріксіз баурайды. Бұл диораманың авторы, жергілікті суретші Абдрасилов Ерғали.

Ілияс Жансүгіровтің аударма саласындағы өнері де зор. Оның А.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне аударғанына да 85 жыл толды. Бұл аударма жұмысын Ілияс алты айдың ішінде аяқтайды. Оның сапалы аудармасы жайында М. Әуезов: ««*Пушкинді – Пушкин ете аударамын» деп дұрыс бағыт алған Ілияс, осы міндетін көп жағынан көңілдегідей адал қылу арқылы, бүгін таңда зор мәні бар, тарихи мәдени еңбек сіңіріп отыр... Қазақ тілінің ескі, жаңа қорының бәрін жете білетін Ілияс, осы қорлардың өзін ғана қолданумен қанағаттанады да Пушкин тілінің бір зор ерекшелігін бәсең қалдырады...*» - дейді. Ілияс Жансүгіров орыс және дүниежүзі классиктерінің: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Гете, Гейне, Гюго, Горький, Маяковский, Бедный, Жаров т.б. шығармаларын қазақ тіліне шебер аударған.

Ілияс Жансүгіров әңгіме, очерк, фельетондар жазумен қоса пьесаларды дүниеге әкелген дарынды талант иесі. Асыл сөзінен сұлу сарай тұрғызған ақынның артында қалған мол мұрасы мәңгі өшпейді.

Біз осы мақаламызда қазақтың классик ақыны Ілияс Жансүгіровтің туған күнінің тарихына тоқталдық, сондай-ақ, оның шығармашылығы аясында «Құлагер» поэмасының тағдырына қатысты мәліметтерді келтірдік.

Ақын өмірі XX ғасырдың нәубетті жылдарын еске салғанымен, оның қазақ әдебиетін асқақтатқан шығармалары мен азаматтық кредосы әрқашанда халқының жадынан өшпейтіні ақиқат. Соның бір белгісі «Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің» қос қуанышты қатар тойлауы дер едік.

Салтанат ТӨЛЕГЕНОВА,
Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің
аға ғылыми қызметкері.

ДӘНЕШ РАҚЫШЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

ӨРЕСІ БИІК ӨНЕР ИЕСІ

Қазақ халқының музыка мәдениетінің тарихында әншінің орындаушылық өнеріне орай айтылып, таралып кеткен халықтың нақышты, бейнелі теңеулерінің, қанатты сөздерінің алатын орны ерекше. Әнші үнінің күш-қуаты мен қасиетін бейнелейтін «күміс көмей, жез таңдай әнші» деген де белгілі теңеулер бар. Мұндай баға атақты Біржан, Ақан, Мәди, Әсеттердің жалғасындай болған Жетісудың әйгілі әншісі Дәнеш Рақышевқа да берілген еді.

Бала кезінде-ақ өнердің бағы қонып, қыдыры қолдаған Дәнеш тоғыз жасында тоғыз пернелі домбырасын қолына алып, елді аузына қаратып ән салады. Атақты әнші Әсет Найманбайұлының төл шәкірті Қадыриханның батасын алған Дәнештің ән әлеміндегі алатын орны ерекше. Ол ұлы Әсеттің ұмыт болуға айналған мол мұрасын қайта жаңғыртып, туған елімен қауыштырды. Оның дауысы Жетісудан Атырауға, Атыраудан Арқаға қалықтаған қазақтың әншілік өнерінің өресін көтерді. Дәнеш салған Әсеттің «Інжу-маржан», «Мақпал», «Майда қоңыр», «Қисмет», «Қаракөз», «Ардақ», «Қоңыр қаз» атты әндері тыңдаушысының жан дүниесін нұрландырып, кісілікке, адамгершілікке тәрбиеледі, сәулелі өмірге баулыды, зор эстетикалық қуанышқа бөлеп, рухын көтерді. Оның әншілік өнері ән шығарушылық өнерімен де астасып жатты. Шығармашылық өмірінде ұлттық өнерді меңгертуге бүкіл болмысын арнаған, бар ғұмырын өнер үшін сарп еткен Дәнеш Рақышевтың артында қалдырған музыкалық-педагогикалық мұрасын М. Әуезов: «Шертісің де, әнің де қандай келісті. Сен үлкен композиторсың! Әнің – нағыз қазақ әні», – деп бағалаған.

Дәнеш Рақышев жайлы белгілі өнертанушы Ілия Жақанов: «*Гаухардай сәуле шашқан бір қыры – оның композиторлығы. Оның жүзден астам әні бар. Соның бәрі бір көкіректің сыры, құштарлығы, құмарлығы, ынтығуы, құлай беріліп, көзсіз сүюі, арбалуы, алдануы, мұң шегіп зарығуы, оқыс елпеңқағып, бір сұлулыққа сұқтануы, керілген айдынға алтын айды қондырып, жағасында жас аруды мөлдіретуі, жайлауға, өзен-көл, тауларға қызығуы, сол іңкәр жүрек нені сезді, нені көрді, нені қалады, неден тіксінді, не үшін шалқыды, неге сарсылды, бәрін әртүрлі хал, әркилы дітімен білдірді*», – деп жазды.

Дәнеш Рақышевтың ұстаздық, тәлімгерлік жұмысын да айрықша атап өткен жөн. Әнші-сазгер өмірінің соңғы жылдарында Талдықорған қаласындағы бүгінде Дәнеш Рақышев есімімен аталатын қазақ-мектеп интернатында, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қызмет істеп, Талдықорған филармониясының құрамындағы жастар ансамбліне жетекшілік жасап, жастарды әншілік өнерге баулыды. Қадырихан, Мәмет, Қайыпбек сынды ұстаздарынан бастау алған өзіндік әншілік мектебін орнатты. Оның тәлімгерлігін көріп, қанаты астынан ұшқан таланттар көптеп саналады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Мырзахмет Мұқаманов, өнер қайраткерлері Нұржан Жанпейісов, Абылай Қармысов, әнші-ұстаз Серікбол Шыныбаевтар – бүгінгі таңдағы Дәнештің әншілік мектебін лайықты жалғастырып келеді.

Ән өнерінде өзіндік өрнегін қалдырып, Қазақстан Республикасының Халық әртісі атанған, көзінің тірісінде-ақ ең өнерлі әншіге айтылар «жез таңдай, күміс көмей», «қазақ халқының жүрегінен шыққан жалынды симфониясы» (Нұрғиса Тілендиевтің теңеуі), «бұлбұл» сияқты теңеулердің бәрін естісе де, сабасынан аспай, ағаға іні, ініге мейірбанды аға, елінің кішіпейіл азаматы бола білген Дәнеш Рақышевтың жан тебірентер мұрасынан бүгінгі және келер ұрпақ шабыт пен шаттықтың нәрін алатыны ақиқат.

Гүлнәр ДЕМЕУОВА, ұстаз.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ –КРОПОТЛИВЫЙ ПРОЦЕСС

Как всем известно, коррупция – это социальное зло, которое, имея многовековую историю, в современных условиях превращается в глобальную проблему. На сегодняшний день наша Республика Казахстан, путем ужесточения мер борьбы с коррупционными правонарушениями ищет свою модель противостояния этому позорному, унижающему человеческие честь и достоинство проявлению. Свидетельством тому служит введение пожизненного запрета на занятие должности в государственных органах и организациях для лиц, уволенных с работы за коррупционные правонарушения, что в свою очередь должно стать серьезным предостережением против коррупционных действий для нечистых на руку государственных служащих.

Казахстан первым среди стран СНГ разработал и принял Закон "О борьбе с коррупцией", который направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности РК от угроз, вытекающих из проявлений коррупции. Сегодня на первый план выдвигается экономическое измерение национальной безопасности, как тесно связанное с наиболее острыми проблемами государства. Однако победить такое зло, как коррупция, невозможно лишь усилиями государственных и правоохранительных органов. Необходимо наладить взаимодействие с институтами гражданского общества и, безусловно, со средствами массовой информации.

Как один из инструментов по противодействию коррупции применяется совершенствование качества работы государственного органа, противодействию коррупции должно способствовать укрепление системы государственной службы. Борьба с коррупцией — это длительный, тяжелый и кропотливый процесс, в котором не должно быть равнодушных. Всё наше общество должно противостоять ей, пресекать на корню любые её формы.

Об этом особо подчеркнул Главы государства К.К.Токаев в своем Послании народу Казахстана«Казахстан в новой реальности: время действий». В частности: «Борьба с коррупцией становится более системной. Больше внимания стало уделяться причинам появления коррупции, проводится превентивная работа. Теперь следует провести антикоррупционный анализ нормативных актов и рабочих процессов в госорганах и квазигоссекторе для выявления коррупциогенных факторов…Поддерживая институт общественного контроля как альтернативу государственному, мы должны создать соответствующую правовую базу», - заявил Президент.

Гульнур ДЖОЛДАСОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ВЫГОДНОЕ РЕШЕНИЕ ДЛЯ СТОРОН

Что же такое медиация и в чем ее преимущество при разрешении споров? Медиация (от лат. mediare-посредничать) - форма внесудебного разрешения споров с помощью медиатора и является одной из форм альтернативного разрешения споров. Проведение медиации позволяет сторонам, участвующим в конфликте самостоятельно прийти к взаимовыгодному решению используя знания и опыт медиатора - профессионального посредника, выступающего третьей стороной при разрешении спора и помогающего оппонентам достигнуть соглашения.

С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры. Медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами и после этого судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

Бахыт ЖАПАРОВА,
главный специалист Текелийского городского суда.

ПОДСУДНОСТЬ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Трудовой спор – это разногласия между работником и работодателем по вопросам применения законодательства о труде, о выполнении условий индивидуального трудового, коллективного договоров, не урегулированные ранее между работником (представителем работника) и работодателем (представителем работодателя), о которых заявлено в специально созданный для разрешения трудового спора орган или в суд.Трудовые споры рассматриваются либо по соглашению сторон - согласительной комиссией либо в судебном порядке.

По установленному общему правилу иски, в том числе о восстановлении на работе и по другим трудовым спорам предъявляются по месту нахождению ответчика. Вместе с тем, процессуальным кодексом в отдельных случаях, перечисленных в статье 30 ГПК, предусмотрено право на предъявление иска по выбору истца.Согласно части 3 статьи 30 ГПК иск, вытекающий из деятельности филиала или представительства юридического лица, может быть предъявлен в суд также по месту нахождения филиала или представительства.

К сожалению некоторые истцы, предъявляя иск по месту нахождения филиала или представительства, ответчиком указывают не юридическое лицо, а филиал или представительство, которые не наделены правами юридического лица, следовательно, не могут быть ответчиками по делу в силу статьи 47 ГПК.

Хотелось бы напомнить, что при определении подсудности с применением положений части 8 статьи 30 ГПК иски о взыскании заработной платы, пенсий и пособий, а также иски о восстановлении трудовых, пенсионных и жилищных прав, связанные с возмещением убытков, причиненных гражданину незаконным осуждением, незаконным привлечением к уголовной ответственности, незаконным применением меры пресечения либо незаконным наложением административного взыскания в виде административного ареста, могут предъявляться по месту жительства истца. Применяя данную норму, нужно исходить из буквального смысла и содержания части 8 статьи 30 ГПК, которая связывает возможность предъявления таких исков по выбору истца лишь в совокупности с возмещением убытков, причиненных истцу в случае его незаконного осуждения незаконного привлечения к уголовной ответственности и незаконному административному аресту.

Надо учесть, что изначальное неправильное определение подсудности по трудовым спорам влечет не только возможную отмену в апелляционном порядке судебных актов, но и несвоевременное разрешение трудовых споров, по которым законом установлен сокращенный месячный срок их рассмотрения.

Бахытгуль МАДЫБЕКОВА,
заведующая канцелярией Текелийского городского суда.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

На съезде судей Республики Казахстан перед судейским сообществом была поставлена задача: модернизировать гражданское судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий.Реализация поставленной задачи потребовала активного поиска оптимальных процессуальных средств, способных удовлетворять требованиям скорого, качественного, недорогого правосудия. Значительная роль при этом отводилась развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства предусматривают простой, понятный и недорогой для большинства слоев населения механизм защиты прав, что вызвано необходимостью обеспечения приспособленности процессуального закона под наиболее широкие категории дел, типовые ситуации, в которые попадает большинство потенциальных участников процесса. Широкое применение таких производсв связано с возложением на них социально-значимой функции, заключающейся в получении облегченного доступа к суду и возможности самостоятельного ведения процесса.

В настоящее время в порядке упрощенного письменного производства рассматриваются дела только по двум основаниям:по исковым заявлениям о взыскании денег, если цена иска не превышает для юридических лиц семисот месячныхрасчетных показателей, для индивидуальных предпринимателей, граждан двухсот месячных расчетных показателей;независимо от цены иска по исковым заявлениям, основанным на представленных истцом документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика, и (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору.

Весьма важно, что в рассмотрении гражданских дел по упрощенным процедурам не участвует прокурор, то есть напрямую реализуется 26-й шаг Плана Нации «100 конкретных шагов», предусматривающий сокращение участия прокурора в суде гражданско-правовым спорам для упрощения судебных процедур и ускорения судебного процесса.

Ильяс МЫРЗАКЕНОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ

Основные принципы гендерной политики в нашей стране устанавливают равные права мужчин и женщин, что гаранитировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностях для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязаностей в семье. В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. За годы независимости Казахстан присоединился и ратифицировал ряд основополагающих международных договоров, касающихся положения и прав женщин. По вопросам решения гендерных проблем Казахстан сотрудничает с рядом международных организаций: ЮНИФЕМ, ОБСЕ, Международной организацией по миграции (МОМ), ЮСАИД, Британским Советом и ПРООН. В настоящее время в Казахстане создаются условия для внедрения гендерного подхода в процесс разработки бюджетов всех уровней и государственных программ социально-экономического развития. В республике было проведено множество конференций и заседаний посвященных именно проблемам гендерного неравенства.

Согласно мировому опыту женщины вносят особый вклад в общественнуюжизнь.Так же приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а так же разработка методов решения этих проблем по мировому опыту. Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Мерей ТОКТАГУЛОВА,
судья №1 специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Алматинской области.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ПОЛУЧИЛИ СЕРВИСНЫЕ УСЛУГИ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, с начала 2021 года в Алматинской области около 5 тысяч предпринимателей получили сервисные услуги и консультации по открытию и ведению бизнеса. Предпринимателям оказывается нефинансовая поддержка на безвозмездной основе через Центры обслуживания предпринимателей области в рамках программы «Дорожная карта бизнеса - 2025».

Так за I квартал этого года 635 предпринимателям региона оказаны 637 сервисных услуг, а также 4249 предпринимателям и населению с предпринимательской инициативой предоставлены 4320 консультационных услуг.

«В основном начинающие предприниматели обращаются за такими услугами как регистрация или перерегистрация ИП, ТОО, разработка бизнес-плана, сдача бухгалтерских-налоговых отчетов. За указанный период менеджерами Палаты предпринимателей было разработано 188 бизнес-планов на общую сумму 5,9 млрд тенге. Из них были реализованы 32 проекта на 1,5 млрд тенге», - рассказал директор Палаты предпринимателей Алматинской области Асет Шаяхметов.

Все необходимые услуги для предпринимателей являются безвозмездными, которыми можно воспользоваться в Центрах обслуживания предпринимателей, а также их отделениях, расположенных во всех городах и районах области. Также все услуги могут быть предоставлены в полном объеме в онлайн режиме через платформу НПП РК www.g4b.kz. Это особенно актуально при ограничительных мерах, связи с введением карантина из-за санитарно-эпидемиологической ситуации.

НОВОСТИ

ОКАЗАЛИ ПОМОЩЬ

Являясь важнейшим средством коммуникации и выражения мысли, язык служит инструментом постоянного, активного освоения мира человеком и превращения опыта в знание. В основе этого процесса лежит номинативная деятельность людей, которая представляет собой целостную, системно-содержательную языковую интерпретацию действительности, создание особого информационно-языкового видения мира.

Как сообщает пресс служба областного филиала партии «Nur Otan»,вТалдыкорганский городской филиал партии «Nur Otan» обратился за материальной помощью инвалид 3 группы Е. Шалипбаев, проживающий по адресу: г. Талдыкорган, ул. Майстрюка, д. 63. На основании данного вопроса первый заместитель председателя Талдыкорганского городского филиала партии" Nur Otan " Жазыкбаев А. Т. по просьбе Шалипбаева Е. Н.обратился к руководителю отдела земельных отношений города Талдыкорган, члену партии "Nur Otan" Рустему Бершинбекову с просьбой оказать содействие. В результате в рамках проекта партии "Кедергісіз келешек" Рустем Сагындыкулы и первый заместитель председателя Талдыкорганского городского филиала партии Аманжол Жазыкбаев оказали материальную помощь инвалиду 3 группы в размере 30 000 тенге.

Горожанин, пришедший на прием, поблагодарил со своей стороны.Жительница села Узынагаш К.Р.Юрьевна обратилась за помощью в Жамбылский районный филиал партии "Nur Otan". К. Р. Юрьевна рассказала, что она является матерью девочки с ограниченными возможностями и имеет внука, попросила оказать помощь продуктами питания. Члены партии "Nur Otan " проинформировали депутатов районного маслихата об этом вопросе. В результате депутат районного маслихата Жунусов А. С. принес семье продукты питания, которые обратились за помощью. Он подчеркнул, что и впредь будет продолжать помогать.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫР АТЛЕТИКА

ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 3 КУРС СТУДЕНТІ АЙЗАДА МҮПТІЛДӘ АУЫР АТЛЕТИКАДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ EGEMEN.KZ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫНА СІЛТЕМЕ ЖАСАП ХАБАРЛАЙДЫ.

Өзбекстан астанасы Ташкентте жалауын көтерген бәсекеге Қазақстаннан 17 спортшы қатысып, бақты мен баптарын сынады.

17-25 сәуір аралығында өткен сары құрлықтағы бұл жарыс Токио Олимпиадасы алдындағы іріктеу турнирлердің қатарына жатады.

Айзада Мүптілдә жарысқа сайыстың соңғы күні шықты. 87 келіден жоғары салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен отандасымыз алғашқыда 118 келі зілтемірді көтеріп, жоғары нәтиже көрсетті. Сондай-ақ ол серпе көтеру сайысында да мықтылығын дәлелдеді.

Осылайша Айзада Мүптілдә жарыс жолында 269 келі көрсеткішпен Азия біріншілігінің қола медалін жеңіп алды.

Күміс медальды оңтүстіккореялық спортшы иеленсе, алтын медаль қытайлық ауыр атлетке бұйырды.

Жалпы Азия чемпионатының қорытындысы бойынша, қазақстандық зілтеміршілер 7 медаль иеленді. Оның біреуі алтын, үшеуі күміс, тағы үшеуі қола жүлде. Жарыс жолында отандастарымыз ел намысын 13 салмақ дәрежесінде қорғады.

– Қарсыластарым өте мықты болды. Барлығы жақсы дайындалған. Үшінші орын үшін айқастың өзі тартысты болды.

Техника жағынан аздаған қателіктер жібердім. Алла жазса, оны жөндейміз деген ниет бар, – дейді Айзада Мүптілдә.

Айта кетейік, Айзада Мүптілдә Қыздар университетінің Педагогика және психология жоғары мектебінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында 3 курста білім алады.

Спортшы бұған дейін де ауыр атлетикадан ел чемпионаттары мен әлемдік жарыстарда жүлдегер атанып, оқу орнының мерейін асырған болатын.

Айнаш ЕСАЛЫ

БОКС

САНЖАР ТАШКЕНБАЙ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Бокстан Кельце қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында Нұр-Сұлтан қаласының спортшысы Санжар Ташкенбай 1-орынға ие болды, деп хабарлайды Egemen.kz елорда әкімдігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

49 келіде сынға түскен отандасымыз финалдық кездесуде Ресей елінің спортшысы Роберт Бадалянды 4:1 есебімен жеңіп, алтынан алқа тақты.

Байрақты бәсекеге 58 елден 500 ге жуық спортшы қатысты.

Айта кетейік, жалпы командалық есепте Қазақстан құрамасы 2 алтын, 4 күміс 4 қола жүлдемен төртінші орынға жайғасты.

ФУТБОЛ

24 сәуірде футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің жетінші туры мәресіне жетті, деп хабарлайды.

«ОРДАБАСЫ» ТӨРТІНШІ ОРЫНҒА КӨТЕРІЛДІ

Соңғы ойында Шымкентте «Ордабасы» мен Қызылорданың «Қайсар» командалары кездесті. Оңтүстік өңірдің екі клубы арасындағы кездесу тартысты өтті.

Есепті алғаш болып «Ордабасы» шабуылшысы Жоао Паоло 21-минутта ашты. Одан кейін қызылордалық клубтан Каролис Лаукжемис 25, 36-минуттарда қос гол соғып, өз командасын алға шығарды. Осылайша бірінші кезең «Қайсардың» басымдылығымен аяқталды.

Екінші кезеңде алаң иелері қатарынан Тимур Досмағамбетов 61-минутта мергендік танытса, 63-минутта Жоао Пало өзінің екінші голының авторы атанды. Ал 88 -минутта Рубен Бриджидо қорытынды есепті белгіледі. «Ордабасы» қарсыласын 4:2 есебімен тізе бүктірді. Нәтижесінде турнир кестесінде «Қайратты» артқа тастап, төртінші орынға көтерілді.

Egemen.kz.

КУБОК

РЕСЕЙДЕГІ ТУРНИРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

РЕСЕЙДЕ ӨТКЕН САНКТ-ПЕТЕРБУРГ ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ КУБОГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫЛАР СӘТТІ АЯҚТАДЫ.

Ғалымбек Кенжебаев шәкірттері 2 алтын, 2 күміс және 1 қола еншілеген болатын. Питер шаршы алаңынан алтын алған боксшылар қатарында Асланбек Шымбергенов те бар. 69 келіде топ жарған ол Olympic.kz сайтына сұхбат беріп, турнирді қорытындылап өтті.

Көршілес елдегі турнир өте жоғары деңгейде өтті. Бұл бәсеке мен үшін жеңіспен аяқталғаны қуантады. Біріншіден, осыған дейін екі рет ұтылған өзбек боксшысынан есе қайтардым. Бобо-Усмон Батыровпен 2018 жылы Индонезияда өткен Азия ойындарында, 2019 жылы Таиландта өткен Азия чемпионатында жеңілген едім. Бапкеріммен берге қарсыласты зерттеп, Ресейдегі сында әккі қарсыласымды тізе бүктірдім.

Турнирдің ақтық сынында тәжірибелі ресейлік боксшы Андрей Замковойдан басым түстім. Андрей 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында жүлде алған, былтырғы әлем чемпионатында топ жарған спортшы. Оған қарсы жекпе-жекте бапкеріммен бірге жақсы тактика таңдадық деп есептеймін. Енді мұнымен тоқтап қалмай, алдағы жарыстарға дайындаламыз.

Менің салмағымда Токио Олимпиадасына Абылайхан Жүсіпов барады. Өзімнің спорттық мансабыма қатысты айтарлықтай жоспарлар жоқ. Кәсіби боксқа шақырған болатын, бірақ талаптары ұнамай, бас тарттым. Бәрін уақыт көрсетеді», - дейді боксшы.

Prosports.kz

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

ӨМІР – КОФЕ, АЛ ЖҰМЫС, АҚША...

Бірде атақты жоғары оқу орнын бітірген, мансапта көтерілген курстастар кезінде тәлім берген профессорына қонаққа келеді. Әңгіме барысында түлектер өмірдегі қиындықтарын, мәселелерін айта бастайды.

Профессор оларға кофе ішіңдер дейді де, ас үйге барып фарфор, әйнек, пластик, хрусталь секілді әртүрлі ыдыстарға құйылған кофе алып келеді. Бірі қарапайым, бірі қымбат ыдыс еді. Әртүрлі ыдыстағы кофелерді таңдап алып жатқандарына қарап, профессор былай дейді:

– Байқадыңдар ма, барлығың әдемі, қымбат ыдыстағы кофелерді таласып алдыңдар, мұнда тек қарапайым ыдыстағы кофелер ғана қалды. Әркім жақсы нәрсеге ұмтылуы қалыпты жағдай, алайда сендердің мәселелеріңнің де мәні осында жатыр. Ыдыс өздігінен кофені жақсарта алмайтынын түсініңдер. Олар қымбат екені рас, алайда не ішіп жатқанымыздың өзін жасырып тұрады. Негізінде қалағандарың ыдыс емес, кофенің өзі еді ғой. Бірақ ойланбастан әдемі ыдысқа ұмтылдыңдар, содан кейін кімге қандай ыдыс бұйырғанын қарадыңдар.

Ал енді ойланыңдар, өмір – кофе, ал жұмыс, ақша, жағдай, қоғам – ыдыстар. Бұл жай ғана өмірдің құрауыштары. Алайда ыдысымыз қандай болса да, бұл өмірдің жайын анықтамайды да, жақсартпайды да. Кейде тек ыдыстарға көңіл бөліп, кофенің хош иісі мен керемет дәмінен ләззат алуды ұмытып кетеміз.

Өзі қалағанның барлығына қол жеткізген жанға қарағанда, өзінде барды бағалай білген адам бақыттырақ.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ҚҰЛПЫНАЙДЫҢ БАСҚА ЖИДЕКТЕРДЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Бәріміз де бала кезден адам ағзасына пайдалы жеміс-жидектерді сүйіп жейміз. Тіпті, кейбіріміз оның пайдасынан бейхабар болсақ та, тіл үйірер дәмі үшін қорек етеміз. Ал сіз құлпынайдың тісіңізді ағарта алатынын білесіз бе? Жоқ па?! Ендеше, тіс дәрігерінің есігін қақпас бұрын, құлпынайдың көмегіне жүгініп көріңіз.

Аппақ қардай күлкі айналаңыздағыларды сүйсіндіріп, ерекше көңіл-күй сыйлайды. Осылайша сіз бір оқпен екі қоянды атып аласыз. Құлпынайдың дәмінен ләззат алып, әдемі күлкінің қожайыны атанасыз.

Сонымен, бізге не керек? Қолыңызға бірнеше піскен құлпынай мен жарты шәй қасық ас содасын алыңыз. Құлпынайды шұғыл ыдысқа езіп, ас содасымен араластырыңыз. Содан кейін тіс щеткасын алып (жұмсақ қылшықты болғаны дұрыс), тіс пастасы іспетті езбені жағыңыз да, тісіңізді айналдыра ысқылаңыз.

Немесе піскен құлпынайды ештеңемен қоспай-ақ, шырыны шыққанша тісті сипалап өтіңіз.

Құлпынайға эмальға әсер ету үшін бес минут уақыт беріңіз. Межелі уақыт өтісімен, тісті құрамында фтор бар тіс пастасымен жақсылап жуыңыз да, жылы сумен шайып тастаңыз.

Бұл "тәтті рәсімнің" бар құпиясы - жидектің құрамында тіс эмалінің беткі қабатын еріте алатын қышқылдың көп болуынан деп біліңіз.

Сонымен қатар, құлпынаймен кофе, шарап, шоколад қалдықтарын да тазартуға болады.

Ескерту. Бұл әдісті жиі қолдана беруге болмайды. Жоғарыда айтылған қышқыл және ас содасы тісіңізге зиянын тигізуі мүмкін. Бұл деген күлкімен қоштасу деген сөз.

Бәрінің де өз мөлшерімен болғаны дұрыс. Сонда ғана аппақ қардай күлкімен жақындарыңызды баурап, қуаныш сыйлап жүре аласыз.

ДИЕТОЛОГ КЕҢЕСІ

СӘБІЗ ҚАНДАЙ АУРУЛАРҒА ЕМ?

Сәбіз – көптеген дәрумені, минералы, микроэлементі бар ең пайдалы көкөністердің бірі. Көпшілігі оның пайдалы қасиеттерін бағаламайды. Мысалы, сәбіздегі А дәрумені көру қабілетін ешқандай дәрі-дәрмексіз жақсарта алады. Бұл өнім тері жақсаруына да пайдалы .

♦ Жүрек-қан тамыры ауруы барлар сәбізді көп тұтынғаны жөн. Сәбіз құрамындағы целлюлозаның арқасында қан тамырларын артық холестериннен тазартады. Егер шикі сәбізді күн сайын тұтынса, адам атеросклероздан және жүрек-қан тамырлары жүйесінің басқа ауруларынан қорғана алады.

♦ Дәрігерлер барлық әйелге сәбізді пісіріп, бұқытырып, қуырып, шикілей де жеуге кеңес береді, өйткені бұл көкөніс қатерлі ісіктің алдын алу үшін таптырмайтын ем. Сәбізде А дәрумені басқа өнімдерге қарағанда көбірек. Әйелдердегі онкологияның кең тараған түрі – А дәрумені жетіспеуінен туындаған сүт безі қатерлі ісігі.

♦ Сәбізді ер адамдар да жеуі керек, өйткені ондағы пайдалы заттар ерлердің ұрпақ көбейтуіне оң әсер етеді.

♦ Тісі ауыратын адам сәбізді жиі жегені жөн. Бұл көкөніс тіс эмалін нығайтады, ауыз қуысын паразиттерден тазартады, қызылиек қанауын тоқтатады. Сондықтан дәрігерлер балаларға да, ересектерге де шикі сәбізді жеуге кеңес береді.

♦ Сәбіз миға да пайдалы. Сәбізді үнемі жейтін адамда есте сақтау тұрғысынан мәселе болмайды.

♦ Сәбізді мүмкіндігінше шикі күйінде жеген жөн. Себебі, оны пісіргенде құрамындағы бірқатар пайдалы элементтер жойылып кетеді.

Материалдар «massaget.kz» сайтынан алынды.

Алматы облысы, Ескелді ауданының «Салем-Кус» ЖШС бөдене жұмыртқасын өндіруге арналған құс фабрикасының Қоршаған ортаға әсерді бағалау» (ҚОӘБ(жобасы бойынша Қазақстан Республикасы ЭК 57-2- бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес қоғамдық тыңдауларын өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдалым өтетін уақыты: 2021 жылы маусым айының 1- күні сағат 10:00-де

Қоғамдық тыңдалым өтетін орны: Алматы облысы, Ескелді, Қарабұлақ ауылы, Нұрманбетов к-сі, 25 «А»

Тапсырыс беруші: «Салем-Кус» ЖШС, басшысы Серкожаева А. 87273608962

ҚОӘБ бөлімін жобалаушы: «Кезембаева» ЖК, + 7 (707(07920-44-45

ЖАО өкілі: Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалауды реттеу табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы

ЖЭС жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Алматы облысының табиғат ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы

Жоба Бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет- ресурсының мекенжайы: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru

Қағаз нұсқадағы жобалық құжаттамамен мына мекенжай бойынша танысуға болады: Аматы облысы, Ескелді ауданы, Нұрманбетов к-сі, 25 «А»

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды келесі электронды мекенжайға жіберуге болады: g.kezembayeva@gmail.com

ТОО «Салем-Кус» Ескельдинского района Алматинской области, уведомляет о проведении общественных слушаний в соответствии с п/п.4 п.1 ст.57-2 ЭК РК, по проекту ОВОС для птицефермы по производству перепелиных яиц.

Слушания состоятся: 01 июня 2021 г. в 10:00 ч.

По адресу: Алматинская область, Ескельдинский район, с. Карабулак, ул. Нурманбетова д. 25 «А».

Заказчик: ТОО «Салем-Кус», директор Серкожаева А. 8 727 360 89

Разработчик раздела ОВОС: ИП «Кезембаева», +7 (707) 792-44-45

Представитель МИО: Управления природных ресурсов регулирования природопользования Алматинской области: ТарыбаевА.С., +7(708) 761-97-86;

Государственный орган по проведению ГЭЭ: Управление природных ресурсов ирегулирования природопользования Алматинской области;

Адрес Интернет-ресурса МИО, где размещена документация по проекту: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru

С проектной документацией в бумажном варианте можно ознакомиться по адресу: Алматинская область, Ескельдинский район, с. Карабулак, ул. Нурманбетова д. 25 «А»

Замечания и предложения по проекту можно направлять эл.адрес: g.kezembayeva@gmail.com

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 451
Индекс 15534